

И. Сталин

# ССРО-ДА СОЦИАЛИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# И. СТАЛИН

# ССРО-ДА СОЦИАЛИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

*Екінші басылуы*

1953

*Экономикалық*
*дискуссияға*
*қатнасушыларға.*

# 1951 ЖЫЛҒЫ НОЯБРЬДЕГІ ДИСКУССИЯҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Мен саяси экономия оқулығының жобасына баға беруге байланысты өткізілген экономикалық дискуссия жөніндегі барлық документтерді алдым. Соның ішінде «Саяси экономия оқулығының жобасын жақсарту жөніндегі ұсыныстарды», жобадағы «Қателер мен дәлсіздіктерді түзету жөніндегі ұсыныстарды», «Талас мәселелер туралы анықтаманы» алдым

Барлық осы материалдар жөнінде, сонымен қатар оқулықтың жобасы жөнінде мынадай ескертпелер жасауды керек деп есептеймін.

## 1

## СОЦИАЛИЗМ ТҰСЫНДАҒЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗАҢДАРДЫҢ СЫЙПАТЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Кейбір жолдастар ғылым заңдарының, әсіресе социализм тұсында саяси экономия заңдарының объективтік сыйпатын мойындамайды. Олар саяси экономияның заңдары адамдардың еркінен тәуелсіз болып жататын процестердің заңдылықтарын бейнелейді дегенді мойындамайды. Олар, Совет мемлекетіне тарихтың берген ерекше ролінің арқасында, Совет мемлекеті, оның басшылары саяси экономияның қолданы-

лып жүрген заңдарын бұза алады, жаңа заңдар «құрастыра» алады, жаңа заңдар «жасай» алады деп есептейді.

Бұл жолдастар қатты қателеседі. Олар, көріп отырсыздар, табиғатта немесе қоғамда адамдардың еркінен тәуелсіз болып жататын объективтік процестерді бейнелейтін ғылым заңдарын үкіметтердің шығаратын, адамдардың еркі бойынша жасалатын және юридикалық күші ғана бар заңдармен араластырып отырған болу керек. Бірақ оларды араластыруға ешбір болмайды.

Марксизм ғылым заңдарын,— әңгіме жаратылыс тану ғылымының заңдары туралы немесе саяси экономияның заңдары туралы болып отыр ма, мұның бәрібір,— адамдардың еркінен тәуелсіз болып жатқан объективтік процестердің бейнесі деп түсінеді. Адамдар бұл заңдарды аша алады, оларды біле алады, оларды зерттей алады, оларды өз қыймылдарында ескере алады, оларды қоғам мүдделеріне

пайдалана алады, бірақ адамдар оларды өзгерте алмайды немесе бұза алмайды. Ал әсіресе олар ғылымның жаңа заңдарын құрастыра алмайды немесе жасай алмайды.

Бұдан, мәселен, табиғат заңдары қыймылдарының нәтижелері, табиғат күштері қыймылдарының нәтижелері жалпы алғанда бой бермейді, табиғат күштерінің қыйратушы қыймылдары барлық жерде және барлық уақытта адамдардың әсеріне көнбейтін стихиялы-қатал күшпен жүреді дегендік шыға ма? Жоқ, шықпайды. Егер астрономиялық, геологиялық және өзге де осы сияқты кейбір процестерді, олардың даму заңдарын адамдар тіпті білгеннің өзінде де, адамдардың әсер етуге шынымен дәрмені жетпейтін процестерді, былай қойсақ, онда адамдар басқа көп реттерде табиғат процестеріне өздерінің әсер ету мүмкіндігі мағнасында алғанда тіпті де дәрменсіз емес. Мұндай реттердің бәрінде де адамдар та-

биғат заңдарын біліп, оларды ескеріп және оларға сүйене отырып, оларды шебер қолдана, пайдалана отырып, ол заңдардың қыймыл сферасын тежей алады, табиғаттың қыйратушы күштеріне басқа бағыт бере алады, табиғаттың қыйратушы күштерін қоғамның пайдасына жұмсай алады.

Көптеген мысалдардың бірін алып қарайық. Ерте заманда үлкен өзендер тасқыны, селдер, осыған байланысты тұрғын үйлердің, егістердің жойылуы бой бермейтін апат деп есептелінген еді, бұл апатқа қарсы тұруға адамдар дәрменсіз еді. Алайда бертін келе, адам білімдері дамый келе, адамдар бөгеттер мен гидростанциялар салуға үйренген кезде, қоғамды селдің бұрын бой бермейтін тәрізді болып көрінген апаттарынан құтқару мүмкін болып шықты. Ол ол ма, адамдар табиғаттың қыйратушы күштерін ауыздықтай білуге үйренді, былайша айтқанда, оларды ерттеп міне білді, судың күшін қоғамның

пайдасына жұмсай білді, оны егістерді суару үшін, қуат алу үшін пайдалана білді.

Бұдан адамдар осынысы арқылы табиғаттың заңдарын, ғылымның заңдарын жойды, табиғаттың жаңа заңдарын, ғылымның жаңа заңдарын жасады дегендік шыға ма? Жоқ, шықпайды. Мәселе мынада: судың қыйратушы күштерінің қыймылдарын болғызбаудың және оларды қоғам мүдделеріне пайдаланудың осы амалының бәрі ғылымның заңдарын ешбір бұзбай-ақ, өзгертпей-ақ немесе жоймай-ақ, ғылымның жаңа заңдарын жасамай-ақ болып жатады. Керісінше, осы амалдың бәрі табиғат заңдарының, ғылым заңдарының дәл негізінде жүзеге асырылып отырады, өйткені табиғат заңдарының қандай да болса бұзылуы, олардың титтей де болса бұзылуы істі бүлдірер еді, қолданылатын амалды болғызбас еді.

Экономикалық дамудың заңдары, саяси экономияның заңдары туралы да

дәл осыны айту керек,— әңгіме капитализмнің дәуірі туралы немесе социализмнің дәуірі туралы болып отыр ма, мұның бәрібір. Мұнда да, жаратылыс тану ғылымындағы сияқты, экономикалық дамудың заңдары адамдардың еркінен тәуелсіз жүріп отыратын экономикалық даму процестерін бейнелейтін объективтік заңдар болып табылады. Адамдар бұл заңдарды аша алады, бұларды біле алады және, бұларға сүйене отырып, оларды қоғам мүдделеріне пайдалана алады, кейбір заңдардың қыйратушы қыймылдарына басқа бағыт бере алады, олардың қыймыл сферасын тежей алады, өзіне жол салушы басқа заңдарға өріс бере алады, бірақ адамдар оларды жоя алмайды немесе экономикалық жаңа заңдарды жасай алмайды.

Саяси экономияның ерекшеліктерінің бірі мынада: оның заңдары, жаратылыс тану заңдарынан өзгеше, мәңгі ұзақ жасамайды, олар, ең болмағанда

олардың көпшілігі, белгілібір тарихи дәуір бойына жасайды, бұдан кейін олар жаңа зандарға орын береді. Бірақ олар, бұл заңдар, құрымайды, жаңа экономикалық жағдайлардың себебінен күшін жояды, адамдардың еркімен жасалмай, жаңа экономикалық жағдайлардың негізінде туатын жаңа заңдарға орын беру үшін істен шығып қалады.

Кейбіреулер Энгельстің «Анти-Дюрингіне», оның капитализм жойылып, өндіріс құрал-жабдықтары қоғамдастырылысымен адамдар өз өндіріс құрал-жабдықтарын билейтін болады, адамдар қоғамдық-экономикалық катнастардың езгісінен босанады, өзінің қоғамдық өмірінің «қожасы» болады деген формуласына сүйенеді. Энгельс бұл босануды «білінген қажеттілік» деп атайды. Ал «білінген қажеттілік» дегеннің мәнісі не? Мұның мәнісі: адамдар объективтік заңдарды («қажеттілікті») білгеннен кейін, оларды әбден

саналы түрде қоғам мүдделеріне пайдаланады. Дәл сондықтан да Энгельс онда былай дейді:

«Адамдардың өз қоғамдық қыймылдарының зандарын, осыған дейін адамдарға жат, оларға үстемдік етуші табиғат зандары сияқты оларға қарсы тұрған зандарын, адамдар істің мәнін толық біліп қолданатын болады, демек, ол зандар адамдардың үстемдігіне бағындырылатын болады».

Көріп отырсыздар, Энгельстің формуласы әсте де социализм тұсында қолданылып жүрген экономикалық зандарды жойып, жаңа зандар жасауға болады деп ойлайтын адамдардың пайдасына шығып отырған жоқ. Керісінше, бұл формула экономикалық зандарды жоюды емес, қайта білуді және оларды шебер қолдануды талап етеді.

Экономикалық зандардың стихиялық сыйпаты бар, бұл зандардың қыймылдары бой бермейді, бұл зандардың алдында қоғам дәрменсіз дегендерді

айтады. Бұл дұрыс емес. Бұл—заңдарды фетишке айналдырғандық, өзін заңдардың құлы еткендік. Дәлелденген нәрсе: қоғам заңдардың алдында дәрменсіз емес, қоғам экономикалық заңдарды біліп және оларға сүйене отырып, олардың қыймыл сферасын тежей алады, оларды қоғам мүдделеріне пайдалана алады және оларды «ерттеп міне алады», мұның өзі табиғат күштері мен олардың заңдары жөнінде дәлелденіп жүр, мұның өзі үлкен өзендердің тасуы туралы жоғарыда келтірілген мысалда дәлелденді.

Кейбіреулер социализм орнату ісіндегі Совет өкіметінің ерекше роліне сүйенеді, мұның өзі Совет өкіметіне экономикалық дамудың қолданылып жүрген заңдарын жоюға және жаңа заңдар «құрастыруға» мүмкіндік береді-міс. Бұл да дұрыс емес.

Совет өкіметінің ерекше ролін екі түрлі жағдаймен түсіндіруге болады: біріншіден, Совет өкіметі қанаудың бір

формасын, бұрынғы революцияларда болғанындай, оның екінші формасымен алмастыруға тиіс болған жоқ, қайта қанау атаулыны жоюға тиіс болды; екіншіден, ел ішінде социалистік шаруашылықтың қандай да болсын дайын тұрған бастамалары болмағандығынан Совет өкіметі, былайша айтқанда, «тып-тыйпыл жерде» шаруашылықтың жаңа, социалистік формаларын құруға тиіс болды.

Бұл міндет — сөзсіз қыйын және күрделі, теңдесі жоқ міндет еді. Солай бола тұрса да Совет өкіметі бұл міндетті аброймен орындап шықты. Бірақ ол мұны қолданылып жүрген экономикалық заңдарды бейнебір жойып, жаңа заңдар «құрастырғандықтан» орындаған жоқ, тек мына себептен ғана орындап шықты: Совет өкіметі өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына *міндетті сәйкестігінің* экономикалық заңына сүйенді. Біздің еліміздің өндіргіш күштерінің, әсіресе өнеркәсіп-

те, қоғамдық сыйпаты болды, ал меншіктің формасы жеке, капиталистік болды. Өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігінің экономикалық заңына сүйене отырып, Совет өкіметі өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастырды, оларды бүкіл халықтың меншігіне айналдырды, сөйтіп қанау системасын жойды, шаруашылықтың социалистік формаларын жасады. Бұл заң болмаған болса, бұған сүйенбеген болса, Совет өкіметі өз міндеттерін орындап шыға алмаған болар еді.

Өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігінің экономикалық заңы капиталистік елдерде өзіне көптен жол салуға ұмтылуда. Егер ол өзіне әлі жол сала алмаған болса және өрістей алмаған болса, онда мұның себебі мынада: ол қоғамның өшуші күштерінің тарапынан өте күшті қарсылыққа кездесіп отырады. Біз бұл арада экономикалық заңдар-

дың екінші ерекшелігіне кездесеміз. Жаңа заңның ашылуы мен қолданылуы азды-көпті жатық болатын жаратылыс тану заңдарынан өзгеше, экономикалық салада қоғамның өшуші күштерінің мүдделеріне тиетін жаңа заңның ашылуы мен қолданылуы жаңағы күштердің тарапынан өте күшті қарсылыққа кездеседі. Демек, осы қарсылықты жеңе алатын күш, қоғамдық күш, керек. Мұндай күш біздің елімізде қоғамның басым көпшілігі болып табылатын жұмысшы табы мен шаруалардың одағы түрінде табылды. Мұндай күш әлі басқа, капиталистік, елдерде табылған жоқ. Қоғамның ескі күштерін Совет өкіметінің талқандай алғандығының, өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігінің экономикалық заңының бізде толық өріс алғандығының сыры осында.

Біздің еліміздің халық шаруашылығының жоспарлы (пропорциялы) дамуының қажеттігі Совет өкіметіне қол-

данылып жүрген экономикалық заңдарды жойып, жаңа зандар жасауға мүмкіндік береді деседі. Бұл мүлде дұрыс емес. Біздің жылдық және бесжылдық жоспарларымызды халық шаруашылығының жоспарлы, пропорциялы дамуының объективтік экономикалық заңымен араластыруға болмайды. Халық шаруашылығының жоспарлы дамуының заңы капитализм тұсындағы бәсеке мен өндіріс анархиясы заңына қарама-карсы туды. Ол заң өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдастырылуы негізінде, бәсеке мен өндіріс анархиясының заңы күшін жойғаннан кейін туды. Ол заңның күшіне енген себебі: социалистік халық шаруашылығын жүргізгенде халық шаруашылығының жоспарлы дамуының экономикалық заңы негізінде ғана жүргізуге болады. Мұның мәнісі — халық шаруашылығының жоспарлы дамуының заңы біздің жоспарлаушы органдарымызға қоғамдық өндірісті дұрыс жоспарлауға мүм-

*кіндік* береді деген сөз. Бірақ *мүмкіндікті шындықпен* араластыруға болмайды. Мұның өзі — мүлде екі басқа нәрсе. Бұл мүмкіндікті шындыққа айналдыру үшін осы экономикалық заңды зерттеу керек, оны игере білу керек, оны істің мәнін толық біліп қолдануға үйрену керек, осы заңның талаптарын толық бейнелейтін жоспарлар жасап отыру керек. Біздің жылдық және бесжылдық жоспарларымыз осы экономикалық заңның талаптарын толық бейнелеп отырады деуге болмайды.

Бізде социализм тұсында қолданылып отырған кейбір экономикалық заңдар, соның ішінде құн заңы да, жоспарлы шаруашылықтың негізінде «өзгертілген» немесе тіпті «түбірінен өзгертілген» заңдар болып табылады деседі. Бұл да дұрыс емес. Заңдарды «өзгерту», оның үстіне «түбірінен өзгерту» мүмкін емес. Егер оларды өзгертуге болатын болса, онда оларды, басқа заңдармен алмастырып, жоюға да

болады. Заңдарды «өзгерту» туралы тезис заңдарды «жою» және «құрастыру» жөніндегі теріс формуладан қалған қалдық болып табылады. Экономикалық заңдарды өзгерту туралы формула бізде көптен бері-ақ өмірге жайылып кетсе де, дәлдік мүддесі үшін одан бас тартуға тура келеді. Белгілі бір экономикалық заңдардың қыймыл сферасын тежеуге болады, олардың қыйратушы қыймылдарын болдырмауға болады, егер олар, әрине, бар болатын болса, бірақ оларды «өзгертуге» немесе «жоюға» болмайды.

Демек, жұрт табиғаттың күштерін немесе экономикалық күштерді «бағындыру» туралы, оларға «үстемдік» ету, т. т. туралы сөз қылғанда, мұнымен әсте де адамдар ғылымның заңдарын «жоя» алады немесе оларды «құрастыра» алады дегілері келмейді. Керісінше, жұрт мұнымен адамдар заңдарды аша алады, оларды біле алады, оларды игере алады, оларды істің мәнін толық

біліп қолдануға үйрене алады, оларды қоғам мүдделеріне пайдалана алады, сөйтіп оларды бағындырып, оларға үстемдік ететін бола алады дегілері ғана келеді.

Сонымен, социализм тұсындағы саяси экономияның заңдары экономикалық өмірдің біздің еркімізден тәуелсіз болып жататын процестерінің заңдылығын бейнелейтін объективтік заңдар болып табылады. Бұл қағыйданы мойындамайтын адамдар, істің асылында ғылымды мойындамайды, ал ғылымды мойындамауы арқылы, мұнымен күнілгері болжау атаулының мүмкіндігін мойындамайды,— демек, экономикалық өмірге басшылық ету мүмкіндігін мойындамайды.

Бұл арада айтылғандардың бәрі дұрыс және жалпыға мәлім, мұнда жаңалық ешнәрсе жоқ, демек, жалпыға мәлім ақыйқаттарды қайталауға уақыт жібермесе де болады деушілер болар. Әрине, бұл арада шынында да жаңа-

лық ешнәрсе жоқ, бірақ біздерге мәлім кейбір ақыйқаттарды қайталап жатуға уақыт жібермесе де болады деп ойлау дұрыс болмас еді. Мәселе мынада: біздерге, жетекші ұйытқы болғандығымыздан, жыл сайын мыңдаған жаңа жас кадрлар келеді, олар бізге барынша көмектескілері келеді, өздерін барынша көрсеткілері келеді, бірақ олардың жеткілікті дәрежеде маркстік тәлім-тәрбиесі жоқ, бізге жақсы мәлім көптеген ақыйқаттарды білмейді, сондықтан қараңғыда қармалап адасуға мәжбүр болады. Совет өкіметінің орасан зор жетістіктеріне олар таң қалады, советтік құрылыстың керемет табыстарынан олардың басы айналады, сондықтан олар Совет өкіметі «бәрін істей алады», оған «бәрі де түк емес», ғылымның заңдарын ол жоя алады, жаңа заңдар құрастыра алады деп ойлай бастайды. Бұл жолдастар жөнінде біз не істеуіміз керек? Оларды марксизм-ленинизм рухында қалай тәрбиелеу ке-

өнімдердің өндірушілерге үстемдік етуі де жойылады» («Анти-Дюрингті» қараңыз).

Бұл жолдастар қатты қателеседі.

Энгельстің формуласын талдап көрейік. Энгельстің формуласын толығынан анық және дәлме-дәл деп есептеуге болмайды, өйткені онда әңгіме қоғамның өз иелігіне өндіріс құрал-жабдықтарының *бәрін* алуы туралы немесе өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлегін ғана алуы туралы болып отыр ма, яғни жалпы халық игілігіне өндіріс құрал-жабдықтарының *бәрі* беріле ме немесе өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлегі ғана беріле ме деген жөнінде нұсқау жоқ. Демек, Энгельстің *бұл* формуласын олай да, былай да түсінуге болады.

«Анти-Дюрингтің» басқа бір жерінде Энгельс «өндіріс құрал-жабдықтарының *бәріне*» ие болу туралы, «өндіріс құрал-жабдықтарының *бүкіл* жыйынтығына» ие болу туралы айтқан.

Демек, Энгельс өзінің формуласында өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлегін ғана емес, өндіріс құрал-жабдықтарының бәрін национализациялау, яғни жалпы халық игілігіне тек өнеркәсіптегі өндіріс құрал-жабдықтарын ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығындағы өндіріс құрал-жабдықтарын да беру туралы айтып отыр.

Бұдан шығатыны: Энгельс мынадай елдерді, елдің өндіріс құрал-жабдықтарының *бәрін* экспроприациялап, оларды жалпы халық меншігіне беру үшін капитализм және өндірістің шоғырлануы өнеркәсіпте ғана емес, сонымен қатар ауыл шаруашылығында да жетерліктей дамыған елдерді айтып отыр. Демек, Энгельс *мұндай* елдерде өндіріс құрал-жабдықтарының *бәрін* қоғамдастырумен қатар товарлы өндірісті жою керек деп есептейді. Бұл, әрине, дұрыс та.

Өткен ғасырдың аяғында, «Анти-Дюрингтің» жарыққа шығу кезінде, мұндай ел тек біреу ғана — Англия

болды, мұнда капитализм дамуы мен өндіріс шоғырлануының өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да дамығандығы соншалық, пролетариат өкіметті ала қалған жағдайда ел ішіндегі өндіріс құрал-жабдықтарының *бәрін* жалпы халық игілігіне беруге және товарлы өндірісті өмірден жойып жіберуге мүмкіндік болды.

Мен бұл арада Англияның халық шаруашылығында орасан зор үлестік салмағы бар сыртқы сауданың Англия үшін маңызы туралы мәселеге соқпай отырмын. Меніңше, бұл мәселені зерттеп барып қана, пролетариат өкіметті алғаннан және өндіріс құрал-жабдықтарының бәрін национализациялағаннан кейін Англиядағы товарлы өндірістің тағдыры туралы мәселені біржолата шешуге болар еді.

Оның бержағында, өткен ғасырдың аяғында ғана емес, сонымен қатар кәзіргі уақытта да бірде-бір ел ауыл шаруашылығында капитализм дамуы мен

өндіріс шоғырлануының Англияда болып отырған дәрежесіне әлі жеткен жоқ. Баска елдерге келетін болсақ, онда бұл елдерде, деревняда капитализмнің дамып отырғандығына қарамастан, деревняда әлі де болса тіптен толып жатқан ұсақ және орташа меншікші-өндірушілер табы бар, бұлардың тағдырын пролетариат өкіметті ала қалған жағдайда шешу керек болар еді.

Бірақ мынадай сұрақ туады: егер белгілібір елде, оның ішінде біздің елде, пролетариаттың өкіметті алуы және капитализмді құлатуы үшін қолайлы жағдайлар болып отырған елде, капитализм өнеркәсіпте өндіріс құрал-жабдықтарын соншалықты шоғырландырғандықтан, оларды экспроприациялап, қоғам иелігіне беруге болатын елде, бірақ капитализмнің өсуіне қарамастан ауыл шаруашылығы толып жатқан ұсақ және орташа меншікші-өндірушілердің арасында әлі де болса соншалық бөлшектеніп отырғандықтан, бұл өндіру-

шілерді экспроприациялау туралы мәселе қою мүмкін болмай отырған елде пролетариат және оның партиясы қалай етуі керек?

Энгельстің формуласы бұл сұраққа жауап бермейді. Бір есептен ол формула бұл сұраққа жауап беруге тиіс емес те еді, өйткені ол формула басқа сұрақтың, атап айтқанда — өндіріс құрал-жабдықтарының *бәрі* қоғамдастырылғаннан кейін товарлы өндірістің тағдыры қандай болуға тиіс деген сұрақтың негізінде туған еді.

Сонымен, егер өндіріс құрал-жабдықтарының *бәрі* бірдей қоғамдастырылмай, өндіріс құрал-жабдықтарының тек бір бөлегі ғана қоғамдастырылған болса, ал пролетариаттың өкіметті алуы үшін қолайлы жағдайлар бар болып отырса, қалай ету керек,— пролетариаттың өкіметті алуы қажет пе және бұдан кейін товарлы өндірісті бірден жоюдың керегі бар ма?

Әрине, мұндай жағдайларда өкіметті алудан бастарту керек болар еді және капитализм миллиондаған ұсақ және орташа өндірушілерді батрактарға айналдырып, күйзелткенге дейін, ауыл шаруашылығындағы өндіріс құрал-жабдықтарын шоғырландырып үлгіргенге дейін күте тұру керек, тек осыдан кейін ғана пролетариаттың өкіметті алуы туралы және өндіріс құрал-жабдықтарының *бәрін* қоғамдастыру туралы мәселе қоюға болар еді деп есептейтін кейбір сорлы-марксистердің пікірін жауап деп атауға болмайды. Марксистердің, егер олар өздерін мүлде масқаралағысы келмесе, мұндай «жолға» бара алмайтындығы түсінікті.

Сол сияқты, өкіметті алып, деревнядағы ұсақ және орташа өндірушілерді экспроприациялауға және олардың өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастыруға баруға да, сірә, болар еді деп ойлайтын басқа да сорлы-марксистердің пікірін де жауапқа санауға болмай-

ды. Мұндай мағнасыз және қылмысты жолға да марксистер бара алмайды, өйткені мұндай жол пролетариат революциясының жеңу мүмкіндігінің бәрін бүлдірген болар еді, шаруаларды ұзақ уақыт бойына пролетариат жауларының лагеріне ысырып тастаған болар еді.

Бұл сұрауға жауапты өзінің «азық-түлік салығы» туралы еңбектерінде және өзінің атақты «кооперативтік жоспарында» Ленин берген болатын.

Лениннің жауабы қысқаша айтқанда мынаған келіп тіреледі:

а) өкіметті алу үшін қолайлы жағдайларды өткізіп алмау керек, капитализм ұсақ және орташа жеке өндірушілердің миллиондаған бұқарасын күйзелтіп үлгіре алатын кезеңді күтпей-ақ пролетариат өкіметті қолына алсын;

б) өнеркәсіптегі өндіріс құрал-жабдықтары экспроприацияланып, олар жалпы халық игілігіне берілсін;

в) ал ұсақ және орташа жеке өнді-

рушілерге келетін болсақ, онда олар бірте-бірте өндірістік кооперативтерге, яғни ірі ауылшаруашылық кәсіпорындарына, колхоздарға біріктірілсін;

г) индустрия барынша өркендетілсін және колхоздар ірі өндірістің қазіргі техникалық базасына қойылсын, бірақ олар экспроприацияланбасын, қайта керісінше, олар ең жақсы тракторлармен және басқадай машиналармен мейлінше жабдықталсын;

д) ал қала мен деревняның, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының экономикалық ұштасуы үшін, шаруалардың қаламен экономикалық байланыстар жасауына *бірден-бір тиімді* форма ретінде, белгілі уақытқа товарлы өндіріс (сатып алу-сату арқылы айырбас жасау) сақталсын және товар айналымынан капиталистер атаулының бәрін ығыстыра отырып, совет саудасы, мемлекеттік және кооперативтік-колхоз саудасы барынша күшейтілсін.

Біздің социалистік құрылыстың та-

рихы дамудың, Ленин сызып берген, бұл жолы өзін толығынан ақтағандығын көрсетіп отыр.

Бірсыпыра көп ұсақ және орташа өндірушілердің табы бар капиталистік елдердің бәріне де дамудың бұл жолы — социализмнің жеңуі үшін бірден-бір мүмкін және қолайлы жол екендігіне күмән болуы мүмкін емес.

Товарлы өндіріс алайда барлық жағдайда да капитализмге әкеліп соғуға тиіс және міндетті түрде әкеліп соғады деседі. Бұл дұрыс емес. Бұл барлық уақытта және барлық жағдайда емес! Товарлы өндірісті капиталистік өндіріспен бірдей деп қарауға болмайды. Бұл — мүлде екі басқа нәрсе. Капиталистік өндіріс — товарлы өндірістің жоғарғы формасы. Тек мына жағдайда ғана: *егер* өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болатын болса ғана, *егер* жұмысшы күші рынокке, капиталист сатып алып, өндіріс процесінде қанай алатын, товар ретін-

де шығатын болса ғана, демек, *егер,* ел ішінде капиталистердің жалдама жұмысшыларды қанау системасы өмір сүретін болса ғана товарлы өндіріс капитализмге әкеліп соғады. Өндіріс құрал-жабдықтары жеке адамдардың қолына жыйналып, ал өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылған жұмысшылар өзінің жұмысшы күшін товар ретінде сатуға мәжбүр болған жерде капиталистік өндіріс басталады. Мұнсыз капиталистік өндіріс болмайды.

Ал егер товарлы өндірісті капиталистік өндіріске айналдыратын мұндай жағдайлар болмаса, егер енді өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болмай, социалистік меншік болған болса, егер жалдама еңбек системасы жоқ болса және жұмысшы күші бұдан былай товар болып табылмайтын болса, егер қанау системасы әлдеқашан жойылған болса,— онда қайту керек: товарлы өндіріс қалай да капитализмге әкеліп соғады деп есептеуге бола

ма? Жоқ, бұлай деп есептеуге болмайды. Ал біздің қоғам нақ осындай, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік, жалдама еңбек системасы, қанау системасы әлдеқашан жойылған қоғам болып табылады ғой.

Товарлы өндірісті өзімен өзі болған, айналадағы экономикалық жағдайлардан тәуелсіз бір нәрсе деп қарауға болмайды. Товарлы өндірістің капиталистік өндірістен жасы үлкен. Товарлы өндіріс құлиеленушілік құрылыс тұсында өмір сүрді және соған қызмет етті, алайда капитализмге әкеліп соққан жоқ. Ол феодализм тұсында өмір сүрді және соған қызмет етті, алайда, капиталистік өндіріс үшін кейбір жағдайлар дайындағанына қарамастан, капитализмге әкеліп соққан жоқ. Егер товарлы өндірістің бізде тежеусіз және барлық жағын қамтыйтын түрде, капиталистік жағдайлардағы сыяқты, тарамағандығын, өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік-

тің болуы, жалдама еңбек системасының жойылуы, қанау системасының жойылуы сияқты шешуші экономикалық жағдайлардың арқасында бізде оның қатаң шеңберге қойылып отырғандығын еске алатын болсақ, онда товарлы өндіріс белгілі дәуір ішінде, капитализмге әкеліп соқпай-ақ, біздің социалистік қоғамға да не себепті қызмет ете алмайды? деп сұрауға болады.

Біздің елде өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншіктің үстемдігі орнап, жалдама еңбек пен қанау системасы жойылғаннан кейін товарлы өндіріс өмір сүруінің мағнасын жойды, сондықтан товарлы өндірісті жойған жөн болар еді деседі.

Бұл да дұрыс емес. Қазіргі уақытта бізде социалистік өндірістің негізгі екі формасы өмір сүріп отыр: мемлекеттік — жалпыхалықтық және жалпыхалықтық деп атауға болмайтын колхоздық формасы. Мемлекеттік кәсіпорындарында өндіріс құрал-жабдық-

тары мен өндіріс өнімі бүкілхалықтық меншік болып табылады. Ал колхоздық кәсіпорындарында, өндіріс құрал-жабдықтары (жер, машиналар) мемлекеттікі болса да, алайда өндіріс өнімі жеке колхоздардың меншігі болып табылады, өйткені колхоздардағы еңбек, сондай-ақ тұқым да,— өздерінікі, ал колхоздар мәңгі пайдалануына берілген жерді, оны сатуға, сатып алуына, арендаға беруіне немесе кепілге салып жіберуге болмайтынына қарамастан, іс жүзінде өзінің меншігі ретінде билейді.

Бұл жағдай мынаған әкеліп соғады: мемлекет тек мемлекеттік кәсіпорындарының өнімін ғана билей алады, ал колхоздық өнімді, өзінің меншігі ретінде, тек колхоздар ғана билейді. Бірақ колхоздар өз өнімдерін товар түрінен басқаша жолмен өзгеге бергісі келмейді, бұл өнімдердің айырбасына олар өздеріне керекті товарлар алғысы келеді. Қәзіргі уақытта колхоздар

қаламен товарлар арқылы, сатып алу-сату арқылы айырбас жасау байланыстарынан басқа экономикалық байланыстарды қабылдамайды. Сондықтан товарлы өндіріс пен товар айналымы бізде, айталық, бұдан отыз жыл бұрын, Ленин товар айналымын барынша күшейту қажет деп жариялаған кезде қандай қажет болған болса, қазіргі уақытта да сондай қажет болып табылады.

Әрине, өндірістік негізгі екі сектордың, мемлекеттік және колхоздық сектордың, орнына еліміздің бүкіл тұтыну өнімін билеуге правосы бар барлық жағын қамтыйтын өндірістік бір сектор шыққан кезде товар айналысы өзінің «ақша шаруашылығымен», халық шаруашылығының керексіз элементі ретінде, жоғалады. Бірақ мұндай жағдай әзір жоқ кезде, өндірістік негізгі екі сектор әзір қалып отырған кезде, товарлы өндіріс пен товар айналысы біздің халық шаруашылығы-

мыз системасындағы қажетті және аса пайдалы элемент ретінде күшінде қалуға тиіс. Біртұтас біріккен сектордың құрылуы қандай жолмен болады, колхоздық секторды мемлекеттік сектор жәй ғана өзіне қосып алу жолымен бола ма, бұлай болуы неғайбыл (өйткені мұның өзі колхоздарды экспроприациялау ретінде ұғынылған болар еді), немесе әуелі елдің бүкіл тұтыну өнімдерін есепке алып, ал біраз уақыт өткеннен кейін — сондай-ақ, айталық, өнім айырбасы ретінде өнімдерді бөліп отыруға правосы бар *жалпыхалықтық* біртұтас шаруашылық органын (мемлекеттік өнеркәсіп пен колхоздардан өкілдер қатысатын) ұйымдастыру жолымен бола ма,— бұл жеке талқылауды керек ететін ерекше мәселе.

Демек, *біздің* товарлы өндірісіміз әдеттегі товарлы өндіріс емес, ерекше түрдегі товарлы өндіріс, капиталистерсіз товарлы өндіріс, негізінен алғанда

біріккен социалистік өндірушілердің (мемлекет, колхоздар, кооперация) товарларымен айналысатын, қыймыл сферасы адам тұтынатын заттармен шектелген, анығында, капиталистік өндіріске ешбір ұласа алмайтын және өзінің «ақша шаруашылығымен» социалистік өндірісті дамыту және нығайту ісіне қызмет етуге арналған товарлы өндіріс.

Сондықтан, социалистік қоғам өндірістің товарлық формаларын жоймағандығы себепті, бізде капитализмге тән экономикалық категориялардың барлығы: товар ретіндегі жұмысшы күші, қосымша құн, капитал, капиталдың пайдасы, пайданың орташа нормасы және т. с. қалпына келтірілуге тиіс деуші жолдастардыкі мүлде теріс. Бұл жолдастар товарлы өндірісті капиталистік өндіріспен араластырады, сөйтіп товарлы өндіріс болғаннан кейін капиталистік өндіріс те болуға тиіс деп ойлайды. Олар біздің

товарлы өндірісіміздің капитализм тұсындағы товарлы өндірістен түбірінен өзгеше екендігін түсінбейді.

Ол ол ма, меніңше, Маркстің «Капиталынан», Маркстің капитализмге анализ жасаған жерінен, алынған және біздің социалистік қатнастарымызға жасанды түрде жапсырылып жүрген кейбір басқа ұғымдарды да алып тастау қажет. Мұндағы менің айтып отырғаным: «қажетті» және «қосымша» еңбек, «қажетті» және «қосымша» өнім, «қажетті» және «қосымша» уақыт сыяқты ұғымдар. Маркс капитализмге анализ жасағанда жұмысшы табының қаналуының негізін, қосымша құнды, анықтау үшін және өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылған жұмысшы табына капитализмді құлатудың рухани құралын беру үшін жасады. Мұнда Маркстің капиталистік қатнастарға толық сәйкесетін ұғымдарды (категорияларды) пайдаланатындығы түсінікті. Бірақ кәзір, жұмысшы табы өкімет пен

өндіріс құрал-жабдықтарынан айрылмағаны былай тұрсын, ал керісінше, өкіметті өз қолында ұстап, өндіріс құрал-жабдықтарына ие болып отырған кезде мұндай ұғымдарды пайдалану тым ерсі нәрсе. Кәзір, біздің құрылыс тұсында, товар ретіндегі жұмысшы күші туралы және жұмысшыларды «жалдау» туралы сөздер аса дөрекі естіледі: өндіріс құрал-жабдықтарына ие болып отырған жұмысшы табы өзіне өзі жалданатын және өзінің жұмысшы күшін өзіне өзі сататын сияқты болып көрінеді. Сондай-ақ кәзір «қажетті» және «қосымша» еңбек туралы айту да ерсі: жұмысшының және оның семьясының өз тұтынуларын өтеу үшін жұмсалған еңбек қандай қажет болса, өндірісті ұлғайту үшін, оқуды, денсаулық сақтауды дамыту үшін, қорғаныс ісін ұйымдастыру, т. т. үшін жұмысшылардың біздің жағдайларымызда қоғамға берген еңбегі кәзір өкімет басында тұрған жұмысшы табы үшін сон-

дай қажет болмайтын сияқты болып көрінеді.

Мынаны көрсете кету керек: Маркс өзінің «Гота программасына сын» деген еңбегінде, капитализмді емес, былайша айтқанда коммунистік қоғамның бірінші фазасын зерттеген жерінде, жұмысшы табының тұтыну мұқтаждарын өтеу үшін жұмсалған еңбек қандай қажет болса, өндірісті ұлғайту, оқу, денсаулық сақтау, басқару шығындарын өтеу, резервтер жасау, т. т. үшін қоғамға берілген еңбекті нақ сондай қажет деп таныйды.

Меніңше, біздің экономистер ескі ұғымдар мен біздің социалистік елдегі өмірдің жаңа жағдайының арасындағы бұл сәйкессіздікті жоюға тиіс, ескі ұғымдарды жаңа жағдайға сәйкес жаңа ұғымдармен ауыстыруға тиіс.

Біз бұл сәйкессіздікке белгілі уақытқа дейін шыдап келдік, бірақ кәзір бұл сәйкессіздікті, ақыр аяғында, біздің жоятын уақытымыз жетті.

## 3
## СОЦИАЛИЗМ ТУСЫНДАҒЫ ҚҰН ЗАҢЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Кейде былай деп сұрайды: бізде, біздің социалистік құрылыс тұсында, құн заңы бар ма және ол қызмет ете ме?

Я, бар және қызмет етеді. Товарлар мен товарлы өндіріс бар жерде құн заңы да болмай қоймайды.

Құн заңы қызметінің сферасы бізде ең алдымен товар айналысына, сатып алу-сату арқылы товар айырбасына, көбінесе адамның өзі тұтынатын товарлардың айырбасына таралады. Бұл

жерде, бұл салада, құн заңы, әрине, белгілібір дәрежеде реттеуіш ролін сақтап қалады.

Бірақ құн заңының қызметтері товар айналысының сферасымен тынбайды. Олар өндіріске де тарайды. Рас, құн заңының біздің социалистік өндірісте реттеуіштік маңызы болмайды, бірақ ол дегенмен өндіріске әсер етеді, ал оны өндіріске басшылық еткен кезде есепке алмай болмайды. Мәселе мынада: өндіріс процесінде жұмсалатын жұмысшы күшін өтеуге қажет тұтыну өнімдері бізде құн заңы қызметіне түсетін товарлар ретінде өндіріліп, өткізіледі. Құн заңының өндіріске тигізетін әсері нақ осы арада ашылады. Осыған байланысты біздің кәсіпорындарда шаруашылық есеп пен рентабелділік туралы мәселе, өзіндік құн туралы мәселе, бағалар туралы мәселе және т. с. мәселелердің маңызы өте зор. Сондықтан біздің кәсіпорындар

құн заңын есепке алмай отыра алмайды және есепке алмауға тиісті емес.

Бұл жақсы ма? Жаман емес. Біздің кәзіргі жағдайда бұл шынында да жаман емес, өйткені бұл жағдай біздің шаруашылық қызметкерлерімізді өндірісті дұрыстап жүргізу рухында тәрбиелейді және оларды тәртіпке салады. Жаман емес, өйткені ол біздің шаруашылық қызметкерлерімізді өндірістік мүмкіндіктерді есептеуге, оларды дәлме-дәл есептеуге үйретеді және аспаннан алынған «шама мәліметтер» туралы мылжыңдықпен айналысуды қойып, өндірістегі нақтылы заттарды да сондай дәлме-дәл есепке алуға үйретеді. Жаман емес, өйткені ол біздің шаруашылық қызметкерлерді өндірістің қойнауында көрінбей жатқан резервтерді, аяқасты қалдырмай, іздеуге, тауып алуға және пайдалануға үйретеді. Жаман емес, өйткені ол біздің шаруашылық қызметкерлерді өндіріс әдістерін үнемі жақсарта беруге, өндірістің өзін-

дік құнын үнемі кеміте беруге, шаруашылық есепті үнемі жүзеге асырып отыруға және кәсіпорындарын рентабелді етуге үйретеді. Бұл — дамудың кәзіргі кезеңінде біздің шаруашылық кадрлардың өсуін және олардың социалистік өндірістің нағыз басшыларына айналуын тездететін жақсы практикалық мектеп.

Қырсық құн заңының бізде өндіріске әсер етуінде емес. Қырсық мынада: біздің шаруашылық қызметкерлер мен жоспарлаушылар, азын-аулағы ғана болмаса, құн заңының қызметтерімен нашар таныс, оларды зерттемейді және өздерінің есептерінде ескере білмейді. Бізде баға саясаты туралы мәселеде әлі де болып отырған шатақтың себебі де шынында осында болып отыр. Көптеген мысалдардың бірі мынадай. Бұдан біраз уақыт бұрын мақта шаруашылығы мүдделерін көздей отырып, мақта мен астық бағаларының арасалмағы тәртіпке салынсын, мақта егушілерге сатыла-

тын астықтың бағасы анықталсын және мемлекетке тапсырылатын мақтаның бағасы көтерілетін болсын деп шешілген еді. Осыған байланысты біздің шаруашылық қызметкерлер мен жоспарлаушылар ұсыныс енгізді, ол ұсыныс Орталық Комитет мүшелерін таңдандырмай қоя алмады, өйткені бұл ұсыныс бойынша бір тонна астықтың бағасы бір тонна мақтаның бағасы шамасында болсын делінді, ал бұл жерде бір тонна астықтың бағасы бір тонна нанның бағасына теңелді. Орталық Комитет мүшелерінің: бір тонна нанның бағасы бір тонна астықтың бағасынан жоғары болуға тиіс, өйткені астықты тарттыруға, нанды пісіруге қосымша шығындар шығады, ал мақта жалпы алғанда астықтан анағұрлым қымбат келеді, мұны мақта мен астықтың дүниежүзілік бағалары да көрсетіп отыр деген ескертпелеріне ұсыныс авторлары ақылға сыйымды ешнәрсе айта алмады. Сондықтан Орталық Комитет-

тің бұл істі өз қолына алып, астықтың бағасын төмендетуіне, мақтаның бағасын көтеруіне тура келді. Егер бұл жолдастардың ұсынысы заң күшіне енген болса не болар еді? Біз мақта егушілерді күйзелткен болар едік, сөйтіп мақтасыз қалған болар едік.

Алайда, мұның бәрі: құн заңы қызметтерінің бізде, капитализм тұсындағыдай, өрісі кең, құн заңы бізде өндірісті реттеуіш болып табылады дегендік бола ма? Жоқ, болмайды. Шынында құн заңы қызметінің сферасы біздің экономикалық құрылыс тұсында қатаң тежеулі және шеңберге қоюлы. Товарлы өндіріс қызметінің сферасы біздің құрылыс тұсында тежеулі және шеңберге қоюлы екені жоғарыда айтылған болатын. Құн заңы қызметінің сферасы туралы да дәл соны айту керек. Күмән жоқ, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің жоқтығы және қалада да, деревняда да өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдастырылғандығы құн за-

ны қызметінің сферасын және оның өндіріске әсер ету дәрежесін тежемей отыра алмайды.

Бәсеке мен өндіріс анархиясы заңының орнын басып отырған халық шаруашылығының жоспарлы (пропорциялы) дамуының заңы да сол бағытта қызмет етеді.

Халық шаруашылығының жоспарлы дамуының заңы талаптарына сүйенетін біздің жылдық, бесжылдық жоспарлар және жалпы алғанда біздің бүкіл шаруашылық саясат та сол бағытта қызмет етеді.

Міне осының бәрі қосылып мынаған әкеліп соғады: құн заңы қызметінің сферасы бізде қатаң тежеулі және құн заңы біздің құрылыс тұсында өндірісті реттеуіш ролін атқара алмайды.

Мынадай «таңғажайып» фактының себебі де шынында осыдан: біздің социалистік өндірістің үздіксіз және қаулап өсуіне қарамастан, құн заңы бізде артық өндірілу кризистеріне апарып

соқпайды, ал капитализм тұсында қызмет сферасы кең келетін нақ осы құн заңы, капиталистік елдерде өндірістің өсу қарқынының төмен екеніне қарамастан,— дүркін-дүркін артық өндірілу кризистеріне апарып соғады.

Құн заңы—тарихи дамудың барлық дәуірлері үшін міндетті болатын тұрақты заң, егер құн заңы коммунистік қоғамның екінші фазасы дәуірінде айырбас қатнастарын реттеуіштік күшін тіпті жоғалтатын болса да, онда ол дамудың осы фазасында өндірістің әртүрлі тарауларының арасындағы қатнастарды реттеуіштік күшін, өндіріс тарауларының арасында еңбек бөлуді реттеуіштік күшін сақтап қалады деседі.

Бұл мүлде дұрыс емес. Құн дегеніміз, құн заңы сияқты, товарлы өндірістің өмір сүруімен байланысты тарихи категория. Товарлы өндірістің жоғалуымен бірге өзінің формаларымен бірге құн да, құн заңы да жоғалады.

Коммунистік қоғамның екінші фа-

засында өнім өндіруге жұмсалған еңбектің саны, товарлы өндіріс кезінде болатыны сияқты, оралма жолмен, құн және оның формалары арқылы өлшенбейді, өнім өндіруге жұмсалған уақыттың санымен, сағаттың санымен — тура және тікелей өлшенеді. Еңбек бөлуді алатын болсақ, онда өндіріс тараулары арасында еңбектің бөлінуі бұл кезде күшін жоятын құн заңымен реттелмейді, қоғамның өнім жөніндегі керектерінің өсуімен реттеледі. Бұл — өндіріс қоғамның керектеріне қарай реттелетін, ал қоғамның керектерін есепке алу жоспарлаушы органдар үшін бірінші кезекті маңыз алатын қоғам болады.

Біздің кәзіргі экономикалық құрылыстың тұсында, коммунистік қоғамның дамуының бірінші фазасында, құн заңы өндірістің әртүрлі тарауларының арасында еңбектің бөліну «пропорциясын» реттейді екен деу де мүлде дұрыс емес.

Егер бұл дұрыс болатын болса, онда

бізде көбінесе рентабелділігі кем, ал кейде мүлдем рентабелсіз ауыр өнеркәсіпке қарағанда анағұрлым рентабелді болып табылатын жеңіл өнеркәсіптің не себепті барынша дамытылмайтыны түсініксіз болмас па еді?

Егер бұл дұрыс болатын болса, онда бізде ауыр өнеркәсіптің әзірге рентабелді болмай отырған, жұмысшылардың еңбегі «тиісті эффект» бермейтін, бірқатар кәсіпорындарын неге жаппайтыны және сөзсіз рентабелді болып табылатын, жұмысшылардың еңбегі «үлкен эффект» бере алатын, жеңіл өнеркәсіптің жаңа кәсіпорындарын неге ашпайтыны түсініксіз болмас па еді?

Егер бұл дұрыс болатын болса, онда бізде, өндіріс тарауларының арасында еңбектің бөліну «пропорциясын» ретке салатын тәрізді құн заңы бойынша, жұмысшыларды рентабелділігі кем кәсіпорындардан, бұлар халық шаруашылығына өте керекті болса да, неғұрлым

рентабелді кәсіпорындарға неге аудармайтыны түсініксіз болмас па еді?

Күмән жоқ, бұл жолдастардың ізімен жүрген болсақ, бізге тұтыну құралдарын өндіру пайдасы үшін өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің басымдығынан бастартуға тура келген болар еді. Ал өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің басымдығынан бастарту деген не? Мұның өзі біздің халық шаруашылығының үздіксіз өсу мүмкіндігін жою деген сөз, өйткені өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің басымдығын жүзеге асырмай тұрып, халық шаруашылығының үздіксіз өсуін жүзеге асыру мүмкін емес.

Бұл жолдастар құн заңы тек капитализм тұсында ғана, өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншік болып отырғанда ғана, бәсеке, өндіріс анархиясы, артық өндірілу кризистері болып отырғанда ғана өндірісті реттеуіш бола алатынын ұмытып отыр. Олар құн заңы қызметінің сферасы бізде өндіріс құ-

рал-жабдықтарына қоғамдық меншік болғандығымен, халық шаруашылығының жоспарлы дамуының заңы қызметімен тежеулі екенін,— демек, сонымен қатар осы заң талаптарының біршама бейнесі болып табылатын біздің жылдық және бесжылдық жоспарларымыз арқылы да тежеулі екенін ұмытып отыр.

Кейбір жолдастар осыдан келіп: халық шаруашылығының жоспарлы дамуының заңы мен халық шаруашылығын жоспарлау өндірістің рентабелділік принципін жояды деген қортынды жасайды. Бұл мүлде дұрыс емес. Мәселе мұның нақ керісінше. Егер рентабелділікті жеке кәсіпорындардың немесе өндірістің жеке тарауларының тұрғысынан және бір жыл мөлшерінде алып қарамай, бүкіл халық шаруашылығының тұрғысынан және, айталық, 10—15 жыл мөлшерінде алып қарайтын болсақ, мұның өзі мәселеге бірден-бір дұрыс қарағандық болар еді, онда жеке

кәсіпорындардың немесе өндірістің жеке тарауларының уақытша және тұрақсыз рентабелділігі халық шаруашылығының жоспарлы дамуының заңы қызметі мен халық шаруашылығын жоспарлаудың бізге беретін берік және тұрақты рентабелділігінің жоғарғы формасымен ешбір салыстыруға келмейді; халық шаруашылығының жоспарлы дамуының заңы қызметі мен халық шаруашылығын жоспарлау бізді халық шаруашылығын бүлдіретін және қоғамға орасан зор материалдық зиян келтіретін дүркін-дүркін экономикалық кризистерден құтқарады, сөйтіп бізде халық шаруашылығының жоғары қарқындармен үздіксіз өркендеуін қамтамасыз етеді.

Қысқасы: біздің өндірісіміздің кәзіргі социалистік жағдайларында құн заңы өндірістің әртүрлі тарауларының арасындағы еңбек бөлу ісінде «пропорцияларды реттеуіш» бола алмайтынына күмән жоқ.

## 4
## ҚАЛА МЕН ДЕРЕВНЯНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ, ОЙ ЕҢБЕГІ МЕН ДЕНЕ ЕҢБЕГІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАРСЫЛЫҚТЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ, СОЛ СЫЯҚТЫ ОЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Бұл тақырып бір-бірінен елеулі айырмасы бар бірсыпыра проблемаларды қозғайды, бірақ мен оларды бір-бірімен араластырып жіберу үшін емес, тек қана баяндауды қысқа ету үшін оларды бір тарауға біріктіріп отырмын.

Қала мен деревняның арасындағы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасындағы қарама-қарсылықты жою проблемасы Маркс пен Энгельс әлдеқашан-ақ көтерген белгілі проблема бо-

лып табылады. Бұл қарама-қарсылықтың экономикалық негізі — капитализм тұсында қаланың деревняны қанауы, өнеркәсіптің, сауданың, кредит системасының бүкіл даму барысында шаруалардың экспроприациялануы және деревня халқының көпшілігінің күйзелуі болып табылады. Сондықтан капитализм тұсындағы қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты мүдделердің қарама-қарсылығы деп қарау керек. Деревняның қалаға және жалпы алғанда «қала адамдарына» жат көзбен карауы осы негізде шыққан.

Күмән жоқ, біздің елде капитализмді және қанау системасын жоюмен бірге, социалистік құрылысты нығайтумен бірге қала мен деревняның арасындағы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасындағы мүдделердің қарама-қарсылығы да жойылуға тиіс еді. Мұның өзі солай болып шықты да. Помещиктер мен кулактарды жою ісінде социалистік қаланың тарапынан, біздің

жұмысшы табының тарапынан біздің шаруаларға көрсетілген орасан зор көмек жұмысшы табы мен шаруалар одағы үшін негізді нығайтты, ал шаруаларды және олардың колхоздарын ең жақсы тракторлармен және басқа машиналармен ұдайы жабдықтап отыру жұмысшы табы мен шаруалардың одағын олардың арасындағы достыққа айналдырды. Әрине, жұмысшылар мен колхозшы шаруалар дегенмен өздерінің жағдайы бойынша бір-бірінен айырмасы бар екі тап болып табылады. Бірақ бұл айырмашылық олардың достығын ешбір дәрежеде әлсіретпейді. Қайта, олардың мүдделері ортақ бір бағытта, социалистік құрылысты нығайту және коммунизмнің жеңіп шығу бағытында болып отыр. Сондықтан деревняның қалаға бұрынғы болып келген сенбеушілігінің, онан да гөрі өшпенділігінің ізі де қалмағандығы таңқаларлық нәрсе емес.

Мұның бәрі — қала мен деревняның арасындағы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасындағы қарама-қарсылықтың негізін біздің кәзіргі социалистік құрылыс кәзірдің өзінде-ақ жойды деген сөз.

Әрине, мұның өзі — қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты жою «үлкен қалалардың құрып кетуіне» (Энгельстің «Анти-Дюрингін» қараңыз) әкеп соғуға тиіс деген сөз емес. Үлкен қалалардың құрымайтындығы былай тұрсын, қайта мәдениеттің неғұрлым жоғары өрлеуінің орталықтары ретінде, үлкен индустрияның ғана емес, сонымен қатар ауылшаруашылық өнімдерін өңдеудің және тамақ өнеркәсібінің барлық тарауларының мықтап дамуының да орталықтары ретінде тағы-да жаңа үлкен қалалар пайда болады. Бұл жағдай елдің мәдени көркеюін жеңілдетіп, қала мен деревнядағы тұрмыс жағдайларын теңеуге жеткізеді.

Ой еңбегі мен дене еңбегінің ара-

сындағы қарама-қарсылықты жою проблемасы жөнінде де біз осы сияқты жағдайды көреміз. Бұл проблема да Маркс пен Энгельс әлдеқашан көтерген белгілі проблема болып табылады. Ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы қарама-қарсылықтың экономикалық негізі — дене еңбегінің адамдарын ой еңбегі өкілдерінің қанауы болып табылады. Кәсіпорындарындағы дене еңбегінің адамдары мен басшы қызметкерлердің арасында капитализм тұсында болып келген алшақтық жұрттың бәріне мәлім. Жұмысшылардың директорға, мастерге, инженерге және техникалық қызметкерлердің басқа өкілдеріне өздерінің жауы ретінде жат көзбен қарауы осы алшақтық негізінде дамып келгені жұртқа мәлім. Капитализм мен қанау системасын жоюмен бірге дене еңбегі мен ой еңбегінің арасындағы мүдделердің қарама-қарсылығы да жойылуға тиіс болғаны түсінікті. Ал мұның өзі біздің қазіргі социалистік

құрылыс тұсында шынында да жойылды. Қәзірде дене еңбегінің адамдары мен басшы қызметкерлер бірімен бірі жау емес, қайта дос-жолдастар, өндірістің ойдағыдай өркендеп, жақсаруын жан-тәнімен тілейтін біртұтас өндірістік коллективтің мүшелері. Бұлардың арасындағы бұрын болған өшпенділіктің ізі де қалған жоқ.

Қала (өнеркәсіп) мен деревняның (ауыл шаруашылығының) арасындағы, дене еңбегі мен ой еңбегінің арасындағы айырмашылықтардың жойылу проблемасының сыйпаты мүлде басқаша. Марксизм классиктері бұл проблеманы көтерген жоқ. Бұл — біздің социалистік құрылыстың практикасы көтерген жаңа проблема.

Бұл проблема ойдан шығарылған проблема емес пе, оның біз үшін белгілібір практикалық немесе теориялық маңызы бар ма? Жоқ, бұл проблеманы ойдан шығарылған деп есептеуге болмайды. Керісінше, мұның өзі біз үшін

ең жоғары дәрежеде күрделі проблема болып табылады.

Егер, мәселен, ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптің арасындағы айырмашылықты алатын болсақ, онда бұл айырма бізде тек ауыл шаруашылығындағы еңбектің жағдайлары өнеркәсіптегі еңбектің жағдайларынан өзгеше болуына ғана келіп тіреліп қоймайды, сонымен қатар ол ең алдымен және көбінесе мынаған келіп тіреледі: бізде өнеркәсіпте өндіріс құрал-жабдықтары және өндіріс өнімі жалпыхалықтық меншікте болып отыр, ал ауыл шаруашылығында жалпыхалықтық меншік емес, қайта топтық, колхоздық меншік болып отыр. Бұл жағдайдың товар айналысын сақтауға әкеліп соғатындығы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасындағы осы айырмашылық жойылғаннан кейін ғана товарлы өндіріс мұнан шығатын барлық нәтижелерімен қоса жойыла алатындығы туралы жоғарыда айтылды. Демек, ауыл шаруа-

шылығы мен өнеркәсіптің арасындағы осы елеулі айырмашылықтың жойылуының біз үшін бірінші дәрежелік маңызы бар екендігін бекер деуге болмайды.

Ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтың жойылу проблемасы туралы да нақ осыны айту керек. Бұл проблеманың да біз үшін бірінші дәрежелік маңызы бар. Жаппай социалистік жарыстың етек алып жайылуы басталғанға дейін бізде өнеркәсіптің өрлеуі шабандау болды, ал көп жолдастар тіпті өнеркәсіптің даму қарқынын бәсеңдету туралы мәселе көтерді. Мұның бұлай болуының себебі көбінесе мынадан: жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесі өте төмен болды және техникалық қызметкерлердің дәрежесінен анағұрлым артта қалды. Алайда бізде социалистік жарыс жаппай сыйпат алғаннан кейін іс түбірінен өзгерді. Нақ осыдан соң өнеркәсіп тез қарқынмен алға басты. Социалистік жарыстың жаппай сыйпат алған себебі

не? Мұның себебі — жұмысшылардың арасында тек қана техникалық минимумды меңгеріп қоймай, онан да әрі асып, техникалық қызметкерлердің дәрежесімен тұрғыласқан, техниктер мен инженерлерді түзете бастаған, болып келген нормаларды ескірген норма ретінде қыйратқан, жаңа, неғұрлым кәзіргі нормаларды, т. с. енгізген жолдастар топ-тобымен шықты. Егер жұмысшылардың жеке топтары ғана емес, жұмысшылардың көпшілігі өзінің мәдени-техникалық дәрежесін инженер-техникалық қызметкерлердің дәрежесіне дейін көтерген болса, не болып шығар еді? Біздің өнеркәсіп басқа елдердің өнеркәсібі жете алмайтын жоғары дәрежеге көтерілген болар еді. Демек, жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін техникалық қызметкерлердің дәрежесіне дейін көтеру жолымен ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықты жоюдың біз үшін бірінші дәрежелік маңызы бол-

май коймайтындығын бекер деуге болмайды.

Кейбір жолдастар келе-келе тек өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасындағы, дене еңбегі мен ой еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылық қана емес, сонымен қатар олардың арасындағы айырмашылық *атаулының бәрі* де жойылады деседі. Бұл дұрыс емес. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасындағы елеулі айырмашылықты жою олардың арасындағы айырмашылық атаулының бәрінің жойылуына жеткізе алмайды. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы жұмыс жағдайларының айырмашылықтары болғандықтан, белгілібір айырмашылық, онша елеулі болмағанымен, сөзсіз қалады. Тіпті өнеркәсіптің өзінде де, егер оның әрқыйлы тарауларын алатын болсақ, жұмыс жағдайлары барлық жерде бірдей емес: мәселен, шахтёрлердің жұмыс жағдайлары механикаланған аяқкиім фабрикасының жұмысшыларының

жұмыс жағдайларынан өзгеше, руда қазушылардың жұмыс жағдайлары машина жасаушы жұмысшылардың жұмыс жағдайларынан өзгеше. Егер бұл дұрыс болатын болса, онда өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасында белгілі айырмашылық онан да бетер сақталуға тиіс.

Ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы айырмашылық жөнінде де нақ осыны айту керек. Бұлардың арасындағы елеулі айырмашылық мәдени-техникалық дәрежедегі алшақтық мағнасында сөзсіз жойылады. Бірақ белгілібір айырмашылық, елеулі болмағанымен, қалай да сақталады, тым болмаса кәсіпорындарының басшы қызметкерлер құрамының жұмыс жағдайлары жұмысшылардың жұмыс жағдайларымен бірдей еместігінен сақталады.

Мұның керісінше деп ойлайтын жолдастар, сірә, менің кейбір сөздерімдегі белгілі тұжырымға сүйенетін болу керек, онда өнеркәсіп пен ауылшаруашы-

лығының арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы айырмашылықты жою туралы айтылған, онда әңгіме айырмашылық атаулының бәрі туралы емес, *елеулі* айырмашылықты жою туралы болып отырғаны ескертілмеген. Менің тұжырымымды жолдастар нақ осылай түсінген, олар бұл тұжырымды айырмашылық атаулының бәрін жою деген сөз деп ойлаған. Ал мұның бұлай болып отырған себебі: тұжырым дәл, қанағаттанарлық болмай шыққан. Бұл тұжырымды алып тастау керек және басқа тұжырыммен, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының арасындағы, ой еңбегі мен дене еңбегінің арасындағы елеулі айырмашылықтарды жою туралы және елеусіз айырмашылықтарды сақтау туралы айтатын тұжырыммен ауыстыру керек.

## 5
## ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БІРЫҢҒАЙ РЫНОКТІҢ ЫДЫРАУЫ МЕН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚАПИТАЛИСТІК СИСТЕМА КРИЗИСІНІҢ ТЕРЕҢДЕУІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Екінші дүниежүзілік соғыс пен оның шаруашылық зардаптарының анағұрлым мәнді экономикалық нәтижесі деп барлығын қамтыйтын дүниежүзілік бірыңғай рыноктің ыдырауын есептеу керек. Бұл жағдай дүниежүзілік капиталистік системаның жалпы кризисінің онан әрі тереңдей түсуін айқындады.

Екінші дүниежүзілік соғыстың өзі осы кризистен туған еді. Соғыс кезінде бірінің бірі алқымынан алған капи-

талистік екі коалицияның әрқайсысы дұшпанын талқандап, дүние жүзіне өз үстемдігін орнатуға үміттенді. Олар кризистен құтылудың жолын осыдан іздеді. Америка Құрама Штаттары өздерінің анағұрлым қауіпті бәсекелестерін — Германия мен Жапонияны саптан шығаруға, шет ел рыноктерін, шикізаттың дүниежүзілік ресурстарын басып алуға, дүние жүзінде үстемдік орнатуға үміттенді.

Алайда соғыс бұл үміттерді ақтамады. Рас, басты-басты капиталистік үш елдің: АҚШ-тың, Англияның, Францияның бәсекелестері ретіндегі Германия мен Жапония саптан шығарылды. Бірақ мұнымен қатар Қытай және Европадағы басқа да халықтық-демократия елдері капиталистік системадан шықты, бұлар Совет Одағымен бірігіп, капитализм лагеріне қарсы тұратын біріңғай, қуатты социалистік лагерь құрды. Біріне бірі қарама-қарсы екі лагерьдің өмір сүруінің экономикалық

нәтижесі барлығын қамтыйтын дүниежүзілік бірыңғай рыноктің ыдырауы болды, осының нәтижесінде кәзір біз дүниежүзілік қатарлас екі рыноктің бар екенін, бұлардың да біріне бірі қарама-қарсы екенін көріп отырмыз.

Мынаны айта кету керек: АҚШ пен Англия Франциямен қосылып дүниежүзілік қатарлас жаңа рыноктің құрылып, нығаюына, әрине, өз еріктерінен тыс, өздері себепкер болды. Олар «Маршалл жоспарының» системасына кірмеген ССРО-ны, Қытайды және Европаның халықтық-демократия елдерін экономикалық блокадаға алды, осы арқылы бұл елдерді тұншықтырамыз деп ойлады. Ал іс жүзінде тұншықтыру болмады, қайта дүниежүзілік жаңа рынокті нығайту болды.

Дегенмен бұл істегі негізгі нәрсе, әрине, экономикалық блокада емес, қайта мынада: соғыстан кейінгі дәуірдің ішінде бұл елдер экономика жағынан жақындаса түсті және экономика жағы-

нан ынтымақтасуды, өзара жәрдемдесуді жолға қойды. Осы ынтымақтасудың тәжрибесі халықтық-демократия елдеріне Совет Одағының беріп отырған нағыз шын, техника жағынан жетік көмегіндей көмекті оларға бірде-бір капиталистік елдің бере алмайтынын көрсетіп отыр. Әңгіме бұл көмектің максимум арзан және техника жағынан үздік екендігінде ғана болып отырған жоқ. Әңгіме ең алдымен мынада: осы ынтымақтасудың негізінде бір-біріне шын ниетпен көмектесу және бәріне ортақ экономикалық өрлеуге жету тілегі болып отыр. Осының нәтижесінде біз бұл елдерде өнеркәсіптің даму қарқындарының жоғарылағандығын көріп отырмыз. Өнеркәсіп дамуының мұндай қарқындары тұсында мәселе көп ұзамай мынаған дейін жетеді деп сеніммен айтуға болады: бұл елдердің капиталистік елдерден товар әкелуге мұқтаж болмайтыны былай тұрсын, қайта өз өндірісінің басы артық товар-

ларын шетке шығару қажеттігін өздері сезе бастайтын болады.

Ал бұдан мынадай қортынды шығады: басты-басты капиталистік елдердің (АҚШ, Англия, Франция) дүниежүзілік ресурстарға күш жұмсау сферасы кеңеймейді, қайта тарыла түседі, дүниежүзілік зат өткізу рыногінің жағдайлары бұл елдер үшін нашарлайтын болады, ал бұл елдердегі кәсіпорындардың жұмыспен қамтамасыз етілмеуі арта түсетін болады. Дүниежүзілік рыноктің ыдырауымен байланысты дүниежүзілік капиталистік системаның жалпы кризисінің тереңдеуі, дұрысын айтқанда, дәл осында болып отыр.

Мұны капиталистердің өздері де сезіп отыр, өйткені ССРО, Қытай сияқты рыноктерден айрылуды сезбеу қыйын. Олар бұл қыйыншылықтарды «Маршалл жоспары» арқылы, Кореядағы соғыс арқылы, каруланууды күшейту арқылы, өнеркәсіпті милитарландыру ар-

қылы жеңбек болады. Бірақ мұның өзі суға кеткен тал қармайды дегенге өте ұқсас келеді.

Осындай жағдайға байланысты экономистердің алдында екі мәселе туды:

а) Капитализмнің жалпы кризисі дәуіріндегі рыноктердің біршама тұрақтылығы жөнінде Сталиннің екінші дүниежүзілік соғыстан бұрын айтқан белгілі тезисі әлі де күшінде қалады деуге бола ма?

б) Лениннің 1916 жылдың көктемінде айтқан белгілі тезисі — капитализмнің іріп-шіруіне қарамастан, «бүтіндей алғанда капитализм бұрынғыдан гөрі өлшеусіз тез өсуде» деген тезисі әлі де күшінде қалады деуге бола ма?

Менінше, бұлай деуге болмайды. Екінші дүниежүзілік соғысқа байланысты туған жаңа жағдайлардың себебінен екі тезисті де күшін жойған деп есептеу керек.

## 6
## ҚАПИТАЛИСТІК ЕЛДЕРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ СОҒЫСТЫҢ СӨЗСІЗДІГІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Кейбір жолдастар екінші дүниежүзілік соғыстан кейін жаңа халықаралық жағдайлардың дамуына байланысты капиталистік елдердің арасында соғыс сөзсіз болудан қалып отыр дейді. Олар былай деп есептейді: социализм лагері мен капитализм лагерінің арасындағы қайшылықтар капиталистік елдердің арасындағы қайшылықтардан күштірек, Америка Құрама Штаттары өздеріне басқа капиталистік елдерді олардың

өзара соғысуына және бірін бірі әлсіретуіне жол бермейтіндей етіп әбден бағындырып алып отыр, капитализмнің алдыңғы саптағы адамдары капиталистік елдерді тағыда өзара соғысқа тартайын десе, бүкіл капиталистік дүниеге елеулі үлкен нұқсан келтірген дүниежүзілік екі соғыстың тәжрибесінен алған жеткілікті сабағы бар,—міне осының бәрін еске алғанда капиталистік елдердің арасында соғыс сөзсіз нәрсе болудан қалып отыр.

Бұл жолдастар қателеседі. Олар үстіңгі жағында қарандайтын сыртқы құбылыстарды көреді де, әзір білінбей қыймылдап жатқанымен, бірақ түбінде келіп оқыйғалардың барысын белгілейтін терендегі күштерді көрмейді.

Сырт жағынан қарағанда бәрі де «бүп-бүтін» сыяқты: Америка Құрама Штаттары Батыс Европаны, Жапонияны және басқа капиталистік елдерді қолына қаратып отыр; АҚШ-тың шеңгеліне түскен Германия (Батыс), Анг-

лия, Франция, Италия, Жапония АҚШ-тың дегендерін бұлжытпай орындап отыр. Бірақ бұл «бүп-бүтіндік» «өмірбақи» сақталып қала береді, бұл елдер Америка Құрама Штаттарының үстемдігі мен езгісіне шексіз төзе береді, олар американдық құлдықтан құтылып, дербес даму жолына түсуге әрекет істемейді деп ойлау теріс болған болар еді.

Еңалдымен Англия мен Францияны алып көрейік. Күмән жоқ, бұл елдер—империалистік елдер. Күмән жоқ, арзан шикізаттың және қамтамасыз етілген зат өткізу рыноктерінің бұл елдер үшін бірінші дәрежелік маңызы бар. Американдықтар Англия мен Францияның экономикасын Америка Құрама Штаттары экономикасының шылауына айналдыруға тырысып, «Маршалл жоспары» бойынша «көмек көрсету» даурықпасын бетке ұстап, Англия мен Францияның экономикасына бойлай еніп жатқан, американ ка-

питалы ағылшын-француз колонияларындағы шикізатты және зат өткізу рыноктерін басып алып, сонымен ағылшын-француз капиталистерінің жоғары пайдаларына сойқан әзірлеп жатқан кәзіргі жағдайға Англия мен Франция шексіз төзе береді деп ойлауға бола ма? Онан да капиталистік Англия, ал одан кейін капиталистік Франция да өздеріне дербес жағдайды және, әрине, көп пайда түсіруді қамтамасыз ету үшін ақырында келіп АҚШ-тың құшағынан босанып шығуға және онымен жанжалдасуға мәжбүр болады деу дұрысырақ болмай ма?

Жеңілген басты елдерге, Германияға (Батыс), Жапонияға келелік. Бұл елдер кәзір американ империализмі етігінің табанына тапталып, бишаралық өмір сүріп отыр. Олардың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы, олардың саудасы, олардың сыртқы және ішкі саясаты, олардың бүкіл тұрмысы оккупациялаудың американдық «тәрті-

бімен» матаулы. Ал осы елдер кеше ғана Англияның, АҚШ-тың, Францияның Европадағы, Азиядағы үстемдігінің негіздерін шайқалтқан ұлы империалистік державалар болған еді ғой. Бұл елдер тағыда аяғынан тұруға, АҚШ-тың «тәртібін» қыйратуға, сөйтіп дербес даму жолына шығуға әрекет жасамайды деп ойлау—кереметке сенгендік болады.

Капитализм мен социализмнің арасындағы қайшылықтар капиталистік елдердің арасындағы қайшылықтардан күштірек деседі. Теория жағынан қарағанда бұл, әрине, дұрыс. Бұл енді, кәзіргі кезде ғана дұрыс болып отырған жоқ,— бұл екінші дүниежүзілік соғыс алдында да дұрыс болған. Ал мұны капиталистік елдердің басшылары азды-көпті түсінген. Ал солай бола тұрса да екінші дүниежүзілік соғыс ССРО-ға қарсы соғыстан басталған жоқ, капиталистік елдер арасындағы соғыстан басталды. Неге? Неге десе-

ңіз, біріншіден, ССРО-ға қарсы соғыс, социализм еліне қарсы соғыс есебінде, капитализмге капиталистік елдер арасындағы соғыстан гөрі қауіптірек болады, өйткені, егер капиталистік елдер арасындағы соғыс белгілібір капиталистік елдердің басқа капиталистік елдерден басым болуы туралы ғана мәселе қоятын болса, ал ССРО-ға қарсы соғыс қалай да капитализмнің өзінің өмір сүруі туралы мәселе қоюға тиіс. Неге десеңіз, екіншіден, капиталистер Совет Одағы агрессияшыл деп «насихат» мақсатымен шу көтеріп отырғанмен, оның агрессияшылдығына өздері де сенбейді, өйткені олар Совет Одағының бейбітшілік саясатын есепке алады және Совет Одағының өзі капиталистік елдерге барып тиіспейтінін біледі.

Кейбір жолдастардың кәзір Жапония мен Германия біржолата саптан шығып қалып отыр деп ойлап жүргендеріндей, бірінші дүниежүзілік соғыс-

тан кейін де жұрт Германия біржолата саптан шығып қалды деп есептеген еді. Ол кезде де Америка Құрама Штаттары Европаны қолына қаратып отыр, Германия енді аяғынан тұра алмайды, ендігі жерде капиталистік елдердің арасында соғыс болуға тиіс емес дегенді айтып, баспасөзде шу көтерген болатын. Алайда, бұған қарамастан, құлдықтан құтылып шығып және дербес даму жолына түсіп алып, Германия жеңілгенінен кейінгі небәрі 15—20 жылдың ішінде көтерілді және ұлы держава есебінде аяғынан басып кетті. Бұл жерде бір ерекше нәрсе мынау: Германияның экономика жағынан көтерілуіне және оның соғыс-экономикалық потенциалын көтеруге көмектескен басқалар емес, Англия мен Америка Құрама Штаттарының өздері болатын. Әрине, Германияның экономика жағынан көтерілуіне көмектескенде АҚШ пен Англия көтерілген Германияны Совет Одағына қарсы жұмсау-

ды, оны социализм еліне қарсы пайдалануды көздеген еді. Алайда Германия өз күштерін еңалдымен ағылшын-француз-американ блогіне қарсы жұмсады. Ал гитлерлік Германия келіп Совет Одағына соғыс жариялаған кезде, ағылшын-француз-американ блогінің гитлерлік Германияға қосылмағаны былай тұрсын, қайта, гитлерлік Германияға қарсы ССРО-мен бір коалицияға кіруге мәжбүр болды.

Демек, капиталистік елдердің рыноктер үшін күресі мен өз бәсекелестерін су түбіне кетіру тілегі капитализм лагері мен социализм лагері арасындағы қайшылықтардан практика жүзінде күштірек болып шықты.

Ендеше, Германия мен Жапония тағыда аяғынан басып кетпейді, олар американдық құлдықтан құтылып шығуға, сөйтіп өзінің дербес өмір сүруіне әрекет жасамайды деуге қандай кепілдік бар? Меніңше, ондай кепілдіктер жоқ.

Ал бұдан шығатын қортынды: капиталистік елдер арасындағы соғыстардың сөзсіздігі күшінде қалады.

Қәзіргі кезде дүниежүзілік жаңа соғысқа қарсы тұрып, бейбітшілікті қорғайтын қуатты халық күштері өсіп шығып отырғандықтан Лениннің империализм соғыстарды сөзсіз туғызып отырады деген тезисін ескірді деп есептеу керек деседі. Бұл дұрыс емес.

Бейбітшілік жолындағы кәзіргі қозғалыстың мақсаты — халық бұқарасын бейбітшілікті сақтау жолындағы, дүниежүзілік жаңа соғысты болғызбау жолындағы күреске көтеру. Демек, ол капитализмді құлатып, социализм орнату мақсатын көздемейді,— ол қозғалыс бейбітшілікті сақтау жолындағы күрестің демократиялық мақсаттарымен ғана тынады. Осы жағынан қарағанда бейбітшілікті сақтау жолындағы кәзіргі қозғалыстың бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі империалистік соғысты азамат соғысына ай-

налдыру жолындағы қозғалыстан айырмашылығы бар, өйткені бұл соңғы қозғалыс әрілеп барып, социалистік мақсаттар көздеген болатын.

Мүмкін, белгілібір жағдайларда, бейбітшілік жолындағы күрес кейбір жерлерде социализм жолындағы күреске ұласып кетер, бірақ мұның өзі онда кәзіргі бейбітшілік жолындағы қозғалыс болмайды, капитализмді құлату жолындағы қозғалыс болады.

Бәрінен де гөрі мүмкінірегі, бейбітшілік жолындағы кәзіргі қозғалыс, бейбітшілікті сақтау жолындағы қозғалыс есебінде, табысты болып шықса *белгілібір* ғана соғысты болдырмауға, оны уақытша кешеуілдетуге, *белгілібір* ғана бейбітшілікті уақытша сақтауға, соғысқұмар үкіметті отставкаға шығарып, оны бейбітшілікті уақытша сақтауға даяр басқа үкіметпен алмастыруға әкеліп соғады. Бұл, әрине, жақсы. Тіпті өте жақсы. Бірақ солай бола тұрса да капиталистік елдер

арасындағы жалпы алғанда соғыс атаулылардың сөзсіздігін жою үшін бұл жеткіліксіз. Жеткіліксіз, өйткені бейбітшілікті қорғау қозғалысының осы табыстарының бәрі болған күнде де империализм дегенмен сақталып, күшінде қалады,— демек, соғыстардың сөзсіздігі де күшінде қалады.

Соғыстардың сөзсіздігін жою үшін империализмді жою керек.

## 7
## ҚӘЗІРГІ ҚАПИТАЛИЗМ МЕН СОЦИАЛИЗМНІҢ НЕГІЗГІ ЭҚОНОМИҚАЛЫҚ ЗАҢДАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Жұртқа мәлім, капитализм мен социализмнің негізгі экономикалық заңдары туралы мәселе дискуссияда әлденеше рет көтерілді. Бұл жөнінде ең қиял пікірлерге дейін түрліше пікірлер айтылды. Рас, дискуссияға қатнасқандардың көпшілігі бұл іске оншама құлақ қойған жоқ, сондықтан бұл жөнінде ешқандай ұйғарынды белгіленген жоқ. Алайда, дискуссияға қатнасқандардың ішінен ешкім де мұндай

заңдардың бар екендігін теріске шығарған жоқ.

Капитализмнің негізгі экономикалық заңы бар ма? Я, бар. Бұл нендей заң, оның сыйпатты белгілері неде? Капитализмнің негізгі экономикалық заңы — мынадай заң, мұның өзі капиталистік өндірістің дамуының қайсыбір жеке жағын немесе қайсыбір жеке процестерін анықтамайды, қайта осы дамудың барлық басты жақтары мен барлық басты процестерін анықтайды, — демек, капиталистік өндірістің мазмұнын, оның мәнін анықтайды.

Құн заңы капитализмнің негізгі экономикалық заңы емес пе? Жоқ. Құн заңы дегеніміз ең алдымен товарлы өндірістің заңы. Ол заң капитализмнен бұрын болған және, товарлы өндіріс сыяқты, капитализм құлатылғаннан кейін де, мәселен, біздің елімізде болып отыр, рас, болғанымен оның қызмет сферасы тежеулі. Әрине, капитализм жағдайларында қызмет сферасы

кең құн заңы капиталистік өндірістің даму ісінде үлкен роль атқарады, бірақ ол заң капиталистік өндірістің мәнін және капиталистік пайданың негіздерін анықтамайтыны былай тұрсын, тіпті мұндай проблемаларды алға қоймайды да. Сондықтан ол кәзіргі капитализмнің негізгі экономикалық заңы бола алмайды.

Бәсеке мен өндіріс анархиясы заңы, немесе түрліше елдерде капитализмнің әркелкі даму заңы нақ сол пікірлер бойынша капитализмнің негізгі экономикалық заңы бола алмайды.

Пайданың орта нормасының заңы кәзіргі капитализмнің негізгі экономикалық заңы болып табылады деседі. Бұл дұрыс емес. Кәзіргі капитализм, монополистік капитализм, орта пайдамен қанағаттана алмайды, оның үстіне капиталдың органикалық құрамының көтерілуі себепті орта пайданың төмендеу тенденциясы бар. Кәзіргі монополистік капитализм орта пайданы

емес, қайта ұлғаймалы ұдайы өндірісті азды-көпті үнемі жүзеге асырып отыру үшін қажетті максимум пайданы талап етеді.

Капитализмнің негізгі экономикалық заңы деген ұғымға бәрінен гөрі жақындайтын нәрсе қосымша құн заңы, капиталистік пайданың туу және өсу заңы. Ол заң шынында да капиталистік өндірістің негізгі белгілерін алдын ала белгілейді. Бірақ қосымша құн заңы пайданың жоғарғы норма проблемасын қамтымайтын тым жалпы заң болып табылады, пайданың жоғарғы нормасын қамтамасыз ету монополистік капитализмнің даму шарты болып табылады. Осы олқылықты толықтыру үшін қосымша құн заңын нақтылау керек, оны монополистік капитализмнің жағдайларына сәйкестіріп әрі қарай дамыту керек, бұл жерде монополистік капитализмнің пайда атаулыны емес, нақ максимум пайданы талап ететінін есепке алу керек.

Міне мұның өзі кәзіргі капитализмнің негізгі экономикалық заңы болады.

Кәзіргі капитализмнің негізгі экономикалық заңының басты-басты белгілері мен талаптарын шамамен былайша тұжырымдауға болар еді: белгілібір елдің халқының көпшілігін қанау, күйзелту және қайыршыландыру жолымен, басқа елдердің, әсіресе артта қалған елдердің халықтарын құлдыққа салу және үнемі тонау жолымен, ақырында, ең көп пайда түсіруді қамтамасыз етуге пайдаланылатын соғыстар жүргізу және халық шаруашылығын милитарландыру жолымен максимум капиталистік пайданы қамтамасыз ету.

Кәзіргі жағдайлардағы капиталистік даму үшін дегенмен орта пайданы әбден жеткілікті деп есептеуге болар еді деседі. Бұл дұрыс емес. Орта пайда рентабелділіктің төменгі шегі болып табылады, бұл шектен төмен капиталистік өндіріс өмір сүре алмайды. Бі-

рақ қазіргі монополистік капитализмнің шонжарлары колонияларды басып ала отырып, халықтарды құлдыққа сала отырып және соғыстар аша отырып, өздеріне небәрі орта пайданы ғана қамтамасыз етуге тырысады деп ойлау күлкілі болар еді. Жоқ, орта пайда емес, әдетте, орта пайдадан біраз ғана жоғары болатын үстеме пайда да емес, атап айтқанда максимум пайда монополистік капитализмнің қозғаушы болып табылады. Максимум пайда түсіру қажеттігінің нақ өзі монополистік капитализмді мынадай қауіпті адымдарға — колониялар мен өзге де артта қалған елдерді кіріптарлыққа салу, үнемі тонау, бірсыпыра тәуелсіз елдерді тәуелді елдерге айналдыру сияқты, қазіргі капитализмнің шонжарлары үшін максимум пайда түсірудің таңдаулы «бизнесі» болып табылатын жаңа соғыстар ұйымдастыру сияқты, ақырында, дүние жүзінде экономикалық үстемдікке ие болуға

әрекеттену сияқты қауіпті адымдарға итермелейді.

Капитализмнің негізгі экономикалық заңының маңызы бір есептен мынада: ол заң, капиталистік өндіріс әдісінің даму саласындағы барлық аса маңызды құбылыстарды, оның өрлеуі мен кризистерін, оның жеңістері мен жеңілістерін, оның қасиеттері мен кемшіліктерін,— оның қайшылықпен дамуының күллі процесін,— анықтай отырып, бұл құбылыстарды ұғынуға және түсіндіруге мүмкіндік береді.

Толып жатқан «таңғажайып» мысалдардың бірі мынадай.

Капитализм тұсында техниканың шалқып, дамуын көрсететін фактылар, капиталистер озат техниканың туын көтерушілер, өндіріс техникасын дамыту саласында революционерлер болып шыққан кездегі фактылар капитализмнің тарихы мен практикасынан жұрттың бәріне мәлім. Бірақ мұнымен қатар капитализм тұсында техниканың

дамуын доғаруды көрсететін өзге түрлі фактылар да жұртқа мәлім, мұнда капиталистер жаңа техниканы дамыту саласында реакционерлер болып шығады да, екінің бірінде қол еңбегіне көшеді.

Осындай барып тұрған қайшылықты немен түсіндіруге болады? Оны қазіргі капитализмнің негізгі экономикалық заңымен ғана, яғни максимум пайда түсірудің қажеттігімен түсіндіруге болады. Капитализмге жаңа техника ең көп пайда келтіріп тұрғанда, ол жаңа техниканы жақтайды. Жаңа техника бұдан былай өте көп пайда бермейтін болғанда, капитализм жаңа техникаға қарсы барып, қол еңбегіне көшу жағында болады.

Қазіргі капитализмнің негізгі экономикалық заңы жөніндегі істің жайы осындай.

Социализмнің негізгі экономикалық заңы бар ма? Я, бар. Бұл заңның елеулі белгілері мен талаптары қандай?

Социализмнің негізгі экономикалық заңының елеулі белгілері мен талаптарын шамамен былайша тұжырымдауға болар еді: бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін жоғары техника негізінде социалистік өндірісті үздіксіз өсіріп, жетілдіру жолымен максимум қанағаттандыруды қамтамасыз ету.

Демек: максимум пайданы қамтамасыз етудің орнына,— қоғамның материалдық және мәдени керектерін максимум қанағаттандыруды қамтамасыз ету; өндірісті өрлеуден кризиске қарай, кризистен өрлеуге қарай үзіліспен дамытудың орнына,— өндірістің үздіксіз өсе беруі; техниканың дамуындағы қоғамның өндіргіш күштерін қыйратып отыратын дүркін-дүркін үзілістердің орнына,— жоғары техника негізінде өндірісті үздіксіз жетілдіріп отыру.

Халық шаруашылығының жоспарлы, пропорциялы дамуының заңы со-

циализмнің негізгі экономикалық заңы болып табылады деседі. Бұл дұрыс емес. Халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамыту, ал олай болса, осы заңның азды-көпті дұрыс бейнесі болып табылатын халық шаруашылығын жоспарлау,— егер халық шаруашылығының жоспарлы дамуы қандай міндет үшін болып жатқаны мәлімсіз болса, немесе егер міндет күңгірт болса,— өздігінен ешнәрсе де бере алмайды. Халық шаруашылығының жоспарлы дамуының заңы мына жағдайда ғана: алда тұрған міндет болса, бұл міндетті жүзеге асыру үшін халық шаруашылығы жоспарлы түрде дамып отырса ғана тиісті нәтиже бере алады. Бұл міндетті халық шаруашылығының жоспарлы даму заңының өзі бере алмайды. Ал оны әсіресе халық шаруашылығын жоспарлау бере алмайды. Бұл міндет социализмнің негізгі экономикалық заңында оның жоғарыда баяндалған талаптары түрінде орын алып

отыр. Сондықтан халық шаруашылығының жоспарлы даму заңының қызметтері мына жағдайда ғана: егер бұл қызметтер социализмнің негізгі экономикалық заңына сүйенетін болса ғана толық құлаштап өрістей алады.

Ал халық шаруашылығын жоспарлауға келетін болсақ, оның өзі екі шартты орындағанда ғана: а) егер бұл жоспарлау халық шаруашылығының жоспарлы даму заңының талаптарын дұрыс бейнелейтін болса, б) егер бұл жоспарлау барлық жағынан да социализмнің негізгі экономикалық заңының талаптарына үйлесетін болса ғана тиімді нәтижелерге жетуі мүмкін.

## 8
## БАСҚА МӘСЕЛЕЛЕР

1) Феодализм тұсындағы экономикадан тыс зорлау туралы мәселе.

Әрине, помещик-крепостниктердің экономикалық өкіметін нығайту ісінде экономикадан тыс зорлау роль атқарды, алайда феодализмнің негізі ол болған жоқ, жерге феодалдық меншік болды.

2) Колхозшы үйінің өз меншігі туралы мәселе.

Оқулықтың жобасында «әрбір колхозшы үйінің өз пайдалануында сыйы-

ры, ұсақ малы және құсы болады» деп айту дұрыс болмас еді. Шындығында, жұртқа мәлім, сыйыр, ұсақ мал, құс және т. с. колхозшы үйінің өз пайдалануында емес, өз *меншігінде* болады. «Өз пайдалануында» деген сөйлемше, сірә, Ауылшаруашылық артелінің Үлгі Уставынан алынған болу керек. Бірақ Ауылшаруашылық артелінің Үлгі Уставында қате кеткен. Анағұрлым ұқыпты жасалған ССРО Конституциясында басқаша айтылған, атап айтқанда:

«Әрбір колхозшы үйінің... өз меншігінде үй іргесінде көмекші шаруашылығы, тұрғын үйі, өнім малы, құсы және ұсақ ауылшаруашылық сайманы болады».

Бұл, әрине, дұрыс.

Мұның үстіне әрбір колхозшының өз меншігінде, жергілікті жағдайларға қарай, бірден мұншаға дейін сыйыры, мұнша қойы, ешкісі, шошқасы (бұл да — жергілікті жағдайларға қарай,

осыншадан-осыншаға дейін) және қанша болса да үй құсы (үйрек, қаз, тауық, күрке тауық) болады деп толығырақ айту жөн болар еді.

Мұндай толығырақ айтудың біздің шетелдік жолдастарымыз үшін үлкен маңызы бар, олар, бізде ауыл шаруашылығын коллективтендіру іске асқаннан кейін, колхозшы үйінің өз меншігінде, турасын айтқанда, не нәрсе қалғанын дәлме-дәл білгісі келеді.

3) Шаруалардың помещиктерге төлейтін аренда ақысының құны туралы, сонымен қатар жер сатып алу шығындарының құны туралы мәселе.

Оқулықтың жобасында былай делінген: жерді национализациялау нәтижесінде «шаруалар жылма-жыл помещиктерге төлейтін 500 миллион сом» («алтындай» деп айту керек) «шамасындай сомадағы аренда төлемдерінен босады». Бұл цифрды дәлдеу жөн болар еді, өйткені мұның өзі, менің байқауымша, бүкіл Россиядағы емес, тек

Россия губернияларының көпшілігіндегі аренда ақысын есепке алып отыр. Бұл арада мынаны еске алу керек: Россияның бірсыпыра шет аймақтарында аренда ақысы заттай төленген, мұның өзін, сірә, оқулық жобасының авторлары ескермеген болулары керек. Оның үстіне, мынаны да еске алу қажет: шаруалар тек аренда ақысынан ғана босаған жоқ, сонымен қатар жылма-жылғы жер сатып алу шығындарынан да босатылды. Мұның өзі оқулық жобасында ескерілген бе? Менің байқауымша, ескерілмеген, бірақ ескеру жөн болар еді.

4) Монополиялардың мемлекеттік аппаратпен тұтасуы туралы мәселе.

«Тұтасу» деген сөз келмейді. Бұл сөз монополиялар мен мемлекеттің жақындасуын үстірт және жалпылама атап өтеді, бірақ бұл жақындасудың экономикалық мәнін ашпайды. Әңгіме мынада: бұл жақындасудың процесінде жәй тұтасу емес, мемлекеттік аппарат-

тың монополияларға бағынуы болып отырады. Сондықтан «тұтасу» деген сөзді алып тастап, оны «мемлекеттік аппараттың монополияларға бағынуы» деген сөздермен ауыстыру жөн болар еді.

5) ССРО-да машиналарды қолдану туралы мәселе.

Оқулық жобасында «ССРО-да машиналар қоғам еңбегін сақтайтын реттерінің бәрінде қолданылады» делінген. Мұның өзі айтылуға тиісті нәрсенің дәл өзі емес. Біріншіден, ССРО-да машиналар әрқашан да қоғам еңбегін сақтайды, осы себепті біз ССРО жағдайларында машиналардың қоғам еңбегін сақтамайтын реттерін білмейміз. Екіншіден, машиналар тек еңбек сақтап қана қоймайды, ал сонымен бірге олар қызметкерлердің еңбегін жеңілдетеді, осы себепті біздің жағдайларымызда, капитализм жағдайларынан өзгеше, жұмысшылар еңбек процесінде машиналарды зор ынтамен пайдаланады.

Сондықтан ешбір жерде машиналар ССРО-дағыдай ынтамен қолданылмайды деп айтқан жөн болар еді, өйткені машиналар қоғам еңбегін сақтайды және жұмысшылардың еңбегін жеңілдетеді, ал сондықтан, ССРО-да жұмыссыздық жоқ себепті, жұмысшылар халық шаруашылығында машиналарды үлкен ынтамен пайдаланады.

6) Капиталистік елдердегі жұмысшы табының материалдық халі туралы мәселе.

Жұмысшы табының материалдық халі туралы айтқанда, дағдыда өндірісте істейтін жұмысшыларды ескереді және жұмыссыздардың резервтік армиясы дегеннің материалдық халін есепке алмайды. Жұмысшы табының материалдық халі туралы мәселеге мұндай көзқарас дұрыс па? Меніңше, дұрыс емес. Егер жұмыссыздардың резервтік армиясы болатын болса, оның мүшелері өзінің жұмыс күшін сатудан басқаша ешбір өмір сүре алмайтын

болса, онда жұмыссыздар жұмысшы табының құрамына кірмей тұра алмайды, ал егер олар жұмысшы табының құрамына кіретін болса, олардың қайыршылық халі өндірісте істейтін жұмысшылардың материалдық халіне әсер етпей тұра алмайды. Сондықтан мен капиталистік елдердегі жұмысшы табының материалдық халін сыйпаттағанда жұмыссыз жұмысшылардың резервтік армиясының халін де есепке алу жөн болар еді деп ойлаймын.

7) Ұлттық табыс туралы мәселе.

Меніңше, оқулық жобасына ұлттық табыс туралы жаңа тарау *сөзсіз* енгізу жөн болар еді.

8) Оқулықта социализмнің саяси экономиясының жасаушылары — Ленин мен Сталин туралы арнаулы тарау болу жөніндегі мәселе.

Меніңше, «Социализм туралы маркстік ілім. Социализмнің саяси экономиясын В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің жасауы» деген тарауды оқулықтан

шығарып тастау керек. Оның оқулыққа мүлдем керегі жоқ, өйткені ешқандай жаңалық айтпайды және оқулықтың ілгергі тарауларындағы анағұрлым толық айтылғандарды тек солғын түрде қайталайды.

Қалған мәселелерге келетін болсақ, Островитянов, Леонтьев, Шепилов, Гатовский жолдастардың және басқалардың «ұсыныстарына» менің ешқандай ескертпем жоқ.

## 9
## САЯСИ ЭКОНОМИЯНЫҢ МАРКСТІК ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Меніңше, саяси экономияның маркстік оқулығының барлық маңызын жолдастар ескермей жүр. Оқулық тек біздің совет жастары үшін ғана керек емес. Ол әсіресе барлық елдердің коммунистері үшін және коммунистерге тілектес адамдар үшін керек. Біздің шетелдік жолдастарымыз капиталистік құлдықтан біздің қалай құтылғандығымызды, еліміздің экономикасын социализм рухында біздің қалай қайта құрғандығы-

мызды, шаруалармен біздің қалай достық жасағандығымызды, жуықта ғана қайыршы және әлсіз болған елімізді бай, қуатты елге біздің қалай айналдырғандығымызды, колхоздардың не нәрсе екенін, өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдастырылғандығына қарамастан, товарлы өндірісті, ақшаны, сауданы және т. с. біздің не себепті жоймай отырғандығымызды білгісі келеді. Олар осының бәрін және басқа көптеген нәрселерді жәй әуестік үшін емес, бізден үйрену үшін және біздің тәжрибемізді өз елінде пайдалану үшін білгісі келеді. Сондықтан саяси экономияның маркстік жақсы оқулығының жарыққа шығуының тек ішкі саяси маңызы ғана емес, сонымен қатар үлкен халықаралық маңызы да бар.

Демек, тек еліміз ішіндегі ғана емес, сонымен қатар шет елдердегі революцияшыл жастардың да қолынан түспейтін кітабы бола алатын оқулық керек. Ол тым көлемді болмауға тиіс, өйткені

тым көлемді оқулық қолдан түспейтін кітап бола алмайды және оны білу — игеріп кету қыйын болады. Бірақ ол біздің еліміздің экономикасына да, капитализм мен колониялық системаның экономикасына да қатысы бар негізгі нәрсенің бәрін қамтуға тиіс.

Дискуссия кезінде кейбір жолдастар оқулыққа бірсыпыра жаңа тараулар енгізуді, тарихшылар — тарих жөнінде, саясатшылар — саясат жөнінде, философтар—философия жөнінде, экономистер — экономика жөнінде енгізуді ұсынды. Бірақ мұның өзі мынаған әкеліп соққан болар еді — оқулықтың көлемі тым ұлғайып кеткен болар еді. Әрине, бұлай етуге болмайды. Саяси экономияның проблемаларын талдап көрсету үшін оқулық тарихи әдісті пайдаланады, бірақ бұдан біз саяси экономияның оқулығын экономикалық қатнастардың тарихына айналдыруға тиіспіз деген мүлде шықпайды.

Бізге 500, ең көбі 600 беттік оқулық

керек — одан ешбір артпауы керек. Мұның өзі маркстік саяси экономия жөнінде қолдан түспейтін кітап — барлық елдердің жас коммунистеріне жақсы тарту болады.

Оның бержағында, шет елдердегі компартиялардың көбінің маркстік даму дәрежесінің жеткіліксіздігі себепті, мұндай оқулық бұл елдердің жас емес ысылған коммунистеріне де үлкен пайда келтірген болар еді.

## 10
## САЯСИ ЭКОНОМИЯ ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ЖОБАСЫН ЖАҚСАРТУ ЖОЛДАРЫ

Кейбір жолдастар дискуссия кезінде оқулықтың жобасын тым өршелене «іске алғысыз етті», оның авторларын қателер мен кемістіктер үшін сөкті, жоба жарамсыз дегенді айтты. Бұл әділетсіздік. Әрине, оқулықта қателер мен кемістіктер бар, — олар үлкен істе әрқашан дерлік болып тұрады. Бірақ қалай болғанмен де, дискуссияға қатысушылардың басым көпшілігі дегенмен оқулықтың жобасы болашақ оқулықтың негізі бола алады,

тек кейбір түзетулер мен қосымшаларды керек етеді деп таныды. Шынында да, оқулықтың жобасы саяси экономияның қолданылып жүрген оқулықтарымен тек салыстырылса болғаны, мынадай қортындыға келуге болады: оқулықтың жобасы қазіргі оқулықтардан бүтіндей бір саты жоғары тұр. Оқулық жобасының авторларының сіңірген зор еңбегі осында.

Меніңше, оқулық жобасын жақсарту үшін шағын ғана комиссия құрып, оған оқулық авторларын ғана емес және дискуссияға қатнасушылардың көпшілігін жақтаушыларды ғана емес, сонымен қатар көпшілікке қарсыларды да, оқулық жобасын қатаң сынаушыларды да кіргізу жөн болар еді.

Цифрларды тексеру үшін және жобаға жаңа статистикалық материалдар енгізу үшін тәжрибелі статистикті де, сонымен қатар тұжырымдардың дәлдігін тексеру үшін тәжрибелі юристі комиссияға енгізу жақсы болар еді.

Комиссия мүшелерін, оқулық жөніндегі жұмысқа түгелдей берілуі үшін, уақытша басқа жұмыс атаулының бәрінен босату, оларды материалдық жағынан толық қамтамасыз ету жөн болар еді.

Оның үстіне, оқулықты біржолата редакциялап шығу үшін, айталық, үш кісіден редакциялық комиссия құру жөн болар еді. Мұның қажеттілігі тағыда стильдің бірыңғай болуы үшін керек, амал не, оқулықтың жобасында мұндай бірыңғайлық жоқ.

Даяр оқулықты Орталық Комитетке табыс ету мерзімі — 1 жыл.

***И. СТАЛИН***

1 февраль, 1952 жыл.

# АЛЕКСАНДР ИЛЬИЧ НОТКИН ЖОЛДАСҚА ЖАУАП

Ноткин жолдас!

Мен жауап беруге асыға қойғаным жоқ, өйткені Сіздің қойған мәселелеріңізді тығыз мәселелер деп есептемедім. Оның бержағында тығыз сыйпатты басқа мәселелер бар, бұлар, әрине, Сіздің хаттан назарды басқа жаққа бөліп отырды.

Пункттер бойынша жауап берем.

**Бірінші пункт жөнінде.**

«Ескертпелерде» ғылым зандары алдында қоғам дәрменсіз емес, адамдар экономикалық зандарды біліп алып, оларды қоғам мүдделері үшін пайдалана алады деген белгілі қағыйда бар. Сіз бұл қағыйданы қоғамның басқа формацияларына жатқызуға болмайды, мұның күші социализм мен коммунизмнің тұсында ғана бола алады, экономикалық процестердің стихиялық сыйпаты, мысалы, капитализм тұсында, экономикалық зандарды қоғам мүдделері үшін пайдалануына қоғамға мүмкіндік бермейді дейсіз.

Бұл дұрыс емес. Буржуазиялық революцияның заманында, мысалы, Францияда буржуазия феодализмге қарсы өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігі туралы белгілі занды пайдаланды, феодалдық өндірістік қатнастарды құлатты, жаңа, буржуазиялық өндірістік қатнастар құрды және бұл өндірістік қатнас-

тарды феодалдық құрылыстың қойнауында өскен өндіргіш күштер сыйпатына сәйкестеді. Буржуазия мұны өзінің ерекше бір қаблеті болғандығынан емес, осында оның көкейтесті мүдделері болғандығынан істеді. Феодалдар бұған қарсылықты өзінің бір топастығынан емес, осы заңның жүзеге асуына кедергі жасау өзінің көкейтесті мүдделері болғандығынан істеді.

Біздің елдегі социалистік революция туралы да осыны айту керек. Жұмысшы табы өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына міндетті сәйкестігінің заңын пайдаланды, буржуазиялық өндірістік қатнастарды құлатты, жаңа, социалистік өндірістік қатнастар құрды және бұларды өндіргіш күштер сыйпатына сәйкестеді. Ол мұны істей алғаны өзінің ерекше бір қаблеті болғандығынан емес, осы істе өзінің көкейтесті мүдделері болғандығынан. Буржуазиялық революцияның таңы атарда алдыңғы қатарлы күш болған буржуа-

зия енді контрреволюциялық күшке айналып та үлгірді, бұл заңның жүзеге асуына қолдан келгенше қарсыласып бақты,— бұған өзінің ұйымдаспағандығынан емес және экономикалық процестердің стихиялы сыйпаты оны осы қарсылыққа итергендіктен емес, көбінесе өзінің көкейтесті мүдделері бұл заңның жүзеге асуына қарсы болғандықтан қарсыласты.

Демек:

1. Экономикалық процестерді, экономикалық заңдарды қоғам мүдделері үшін пайдалану социализм мен коммунизм тұсында ғана емес, басқа формациялардың тұсында да белгілібір шамада болып отырады;

2. Экономикалық заңдарды пайдаланудың әрқашан да және барлық жерде де таптық қоғамның тұсында таптық астары болады, бұл жерде экономикалық заңдарды қоғам мүдделері үшін пайдаланудың туын көтеруші әрқашан да және барлық жерде де алдыңғы қа-

тарлы тап болады, ал енді өшуші таптар бұл іске қарсылық жасайды.

Бұл істе, бір жағынан, пролетариаттың және, екінші жағынан, тарих бойында бір кездері өндірістік қатнастарда төңкеріс жасаған басқа таптардың арасындағы айырмашылық мынада: пролетариаттың таптық мүдделері қоғамның басым көпшілігінің мүдделерімен ұштасып отырады, өйткені пролетариаттың революциясы қанаудың белгілібір формасын жойып қоймайды, барлық қанау атаулыны жояды, ал енді басқа таптардың революциясы қанаудың белгілібір формасын ғана жойып, қоғам көпшілігінің мүдделеріне қайшы келетін, өздерінің тар көлемдегі таптық мүдделерінің шеңберлерімен тынып келді.

«Ескертпелерде» экономикалық заңдарды қоғам мүдделері үшін пайдалану ісінің таптық астары туралы айтылған. Онда: «жаңа заңның ашылуы мен қолданылуы азды-көпті жатық болатын

жаратылыс тану заңдарынан өзгеше, экономикалық салада қоғамның өшуші күштерінің мүдделеріне тиетін жаңа заңның ашылуы мен қолданылуы жаңағы күштердің тарапынан өте күшті қарсылыққа кездеседі» делінген. Алайда Сіз бұған көңіл бөлмегенсіз.

**Екінші пункт жөнінде.**

Сіз өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына толық сәйкестігі социализм мен коммунизмнің тұсында ғана болуы мүмкін, ал басқа формациялардың тұсында тек толық емес сәйкестік болуы мүмкін дейсіз.

Бұл дұрыс емес. Буржуазиялық революциядан кейінгі заманда, буржуазия феодалдық өндірістік қатнастарды қыйратып, буржуазиялық өндірістік қатнастарды орнатқан кезде, буржуазиялық өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сыйпатына толық сәйкес келген дәуірлері сөзсіз болған. Әйтпесе капитализм, буржуазиялық революция-

дан кейін дамығанындай, жедел дамый алмас еді.

Онсоң, «толық сәйкестік» деген сөздерді абсолюттік мағнада түсінуге болмайды. Оларды социализм тұсында өндіргіш күштердің өсуінен өндірістік қатнастардың ешқандай қалып қоюшылығы болмайды екен деп түсінбеу керек. Өндіргіш күштер өндірістің неғұрлым орамды және неғұрлым революциялық күштері болып табылады. Бұлар социализм тұсында да өндірістік қатнастардан талассыз ілгері жүріп отырады. Өндірістік қатнастар тек бірсыпыра уақыт өткеннен кейін ғана өндіргіш күштер сыйпатына бейім қайта құрылады.

Ендеше «толық сәйкестік» деген сөздерді қалай түсіну керек? Оларды былай түсіну керек: социализм тұсында дағдыда іс өндірістік қатнастар мен өндіргіш күштер арасында дау-жанжалға жіберілмейді, артта қалушы өндірістік қатнастарды өндіргіш күштер сый-

патына дер кезінде сәйкестеуге қоғамның мүмкіндігі болады. Социалистік қоғамның мұны істеуге мүмкіндігі бар, өйткені оның құрамында қарсылық ұйымдастыра алғандай өшуші таптар жоқ. Әрине, өндірістік қатнастарда өзгеріс жасаудың қажеттігін түсінбейтін артта қалушы самарқау күштер социализм тұсында да болады, бірақ, істі дау-жанжалға жібермей-ақ, оларды жеңу, әрине, қыйын емес.

**Үшінші пункт жөнінде.**

Сіздің байымдауыңыздан шығатын нәрсе мынау: біздің национализацияланған кәсіпорындар өндіретін өндіріс құрал-жабдықтарына және ең алдымен өндіріс құралдарына Сіз товар деп қарайсыз.

Біздің социалистік құрылыстың тұсында өндіріс құрал-жабдықтарына товар деп карауға бола ма? Меніңше, ешбір болмайды.

Товар дегеніміз кез келген алушыға

сатылатын өндіріс өнімі, ал онсоң товарды сатқанда товар иесі оны меншіктену правосынан айрылады, ал алушы товардың меншік иесіне айналады, ол мұны қайта сата алады, кепілге сала алады, шірітіп те жібере алады. Өндіріс құрал-жабдықтары осындай анықтамаға тура келе ме? Тура келмейтіні айқын. Біріншіден, өндіріс құрал-жабдықтары кез келген алушыға «сатыла» бермейді, олар тіпті колхоздарға да «сатылмайды», мемлекет оларды тек өзінің кәсіпорындарына ғана бөліп береді. Екіншіден, өндіріс құрал-жабдықтарының иесі — мемлекет бұларды белгілібір кәсіпорынға бергенде, ол өндіріс құрал-жабдықтарына өзінің меншік иелік правосын жоғалтпайды, қайта керісінше, правосын толығынан сақтап қалады. Үшіншіден, мемлекеттен өндіріс құрал-жабдықтарын алған кәсіпорындардың директорлары солардың меншік иелеріне айналмайтындығы былай тұрсын, қайта керісінше, олар мемлекет

тапсырған жоспарларға сәйкес өндіріс құрал-жабдықтарын пайдалану жөніндегі совет мемлекетінің уәкілі ретінде бекітіледі.

Көріп отырсыздар, біздің құрылыс тұсында өндіріс құрал-жабдықтарын товарлардың категориясына жатқызуға ешбір болмайды.

Ендеше, өндіріс құрал-жабдықтарының құны туралы, олардың өзіндік құны туралы, олардың бағасы туралы, т. т. туралы неге айтады?

Бұған екі себеп бар.

Біріншіден, мұның өзі калькуляция үшін, есеп айырысу үшін, кәсіпорындардың табыстылығы мен табыссыздығын белгілеу үшін, кәсіпорындарды тексеру мен бақылау үшін қажет. Бірақ мұның өзі істің тек формалдық жағы ғана.

Екіншіден, мұның өзі сыртқы сауданың мүдделері үшін өндіріс құрал-жабдықтарын шет мемлекеттерге сату ісін жүзеге асыру үшін қажет. Біздің құ-

рал-жабдықтарымыз осы жерде, сыртқы сауда саласында, *тек осы салада ғана* шынында да товар болып табылады және олар шынында да (тырнақшасыз) сатылады.

Сонымен, сыртқы саудалық айналым саласында біздің кәсіпорындарымыздың өндіретін өндіріс құрал-жабдықтары өзінің мәні жағынан да, формалдық жағынан да, товар қасиеттерін сақтап қалады, ал енді еліміздің ішіндегі экономикалық айналым саласында өндіріс құрал-жабдықтары товардың тек сыртқы тұрпатын ғана (калькуляция және басқалар) сақтайды да, товар қасиеттерін жояды, товар болудан қалады және құн заңы қызметінің сферасы шегінен шығады.

Бұл өзгешелікті немен түсіндіруге болады?

Әңгіме мынада: біздің социалистік жағдайларда экономикалық даму төңкерістер ретімен емес, біртіндеп өзгеру ретімен жүріп отырады, мұнда ескі жәй

ғана түгел жоғалтылмайды, өзінің формасын сақтай отырып, жаңаға бейімделіп өзінің жаратылысын өзгертеді, ал жаңа ескіні жәй ғана жойып жібермейді, ескінің ішіне сіңіседі, оның жаратылысын, оның функцияларын өзгертеді, оның формасын қыйратпайды, қайта оны жаңаның дамуы үшін пайдаланады. Істің жайы товар жөнінде ғана осылай емес, сонымен қатар біздің экономикалық айналымдағы ақша жөнінде де, сондай-ақ, өзінің ескі функцияларын жоғалтып, жаңа функцияларға ие бола отырып, социалистік құрылыстың пайдалануындағы ескі формасын сақтап отырған банк жөнінде де істің жайы осылай.

Егер іске формалдық тұрғыдан, құбылыстардың бетінде болып жатқан процестердің тұрғысынан қарайтын болсақ, онда капитализм категориялары біздің экономикада күшін сақтайды деген теріс қортындыға келуімізге болады. Ал егер іске экономикалық процес-

тің мазмұны мен оның формасына, дамудың терең жатқан процестері мен үстірт құбылыстарына қатаң айырмашылық жасайтын маркстік талдаумен қарайтын болсақ,— онда капитализмнің ескі категорияларынан бізде көбінесе сақталып отырғаны формасы, сыртқы бейнесі екендігі, ал мәні жағынан олар бізде социалистік халық шаруашылығының даму қажеттеріне бейімделіп түбірімен өзгергендігі туралы бірден-бір дұрыс қортындыға келуімізге болады.

**Төртінші пункт жөнінде.**

Сіз құн заңы ауыл шаруашылығында дайындалатын және дайындау бағалары бойынша мемлекетке тапсырылатын «өндіріс құрал-жабдықтарының» бағасына реттеуіш әсер жасайды дейсіз. Сіз бұл жерде, шикізат, мысалы, мақта сияқты «өндіріс құрал-жабдықтарын» айтып отырсыз. Сіздің бұған лёнді, жүнді және басқа ауылшаруа-

шылық шикізаттарын да қосуыңызға болар еді.

Ең алдымен айта кету керек, бұл ретте ауыл шаруашылығы «өндіріс құрал-жабдықтарын» емес, өндіріс құрал-жабдықтарының бірін — шикізатты — өндіріп отыр. «Өндіріс құрал-жабдықтары» деген сөздермен ойнауға болмайды. Марксистер өндіріс құрал-жабдықтарының өндірілуі туралы айтқанда, олардың ең алдымен айтатыны — өндіріс құралдарын өндіру, бұлар —Маркстің атауынша «еңбектің механикалық құралдары, бұлардың жыйынтығын өндірістің сүйекті және бұлшық етті системасы деп атауға болады», мұның өзі «қоғамдық өндірістің белгілібір заманының өзіне тән ерекше белгілерін» құрады. Өндіріс құрал-жабдықтарының бір бөлігі (шикізат) мен өндіріс құрал-жабдықтарын, соның ішінде өндіріс құралдарын да, бір жерге үйіп-төгу, — марксизмге қарсы күнә жасағандық болады, өйткені марксизм барлық бас-

қа өндіріс құрал-жабдықтарымен салыстырғанда, өндіріс құралдарының жетекші роліне сүйенеді. Өндіріс құралдарын өндірудің материалы ретінде шикізаттың кейбір түрлері қажет бола тұрса да, шикізат өздігінен өндіріс құралдарын өндіре алмайды, ал енді өндіріс құралдарынсыз ешқандай шикізат өндірілмейді, бұл кімге де болса белгілі.

Онсоң. Ноткин жолдас, Сіз айтқандай, ауыл шаруашылығында өндірілетін шикізаттың бағасына құн заңының ететін әсері *реттеуіш* әсер болып табыла ма? Егер бізде ауылшаруашылық шикізатының бағасы «еркін» ауытқып отыратын болса, егер бізде бәсеке мен өндіріс анархиясының заңы әрекет ететін болса, егер бізде жоспарлы шаруашылық болмаса, егер бізде шикізат өндірісі жоспармен реттеліп отырмайтын болса, онда құн заңы реттеуіш әсер еткен болар еді. Бірақ біздің халық шаруашылығының системасында

барлық осы «егерлер» болмағандықтан ауылшаруашылық шикізатының бағасына құн заңының әсері ешбір реттеуіш әсер бола алмайды. Біріншіден, бізде ауылшаруашылық шикізатының бағасы «еркін» баға емес, жоспармен белгіленген берік баға. Екіншіден, ауылшаруашылық шикізатының өндіріс мөлшері стихиямен және қайдағыбір кездейсоқ элементтермен емес, жоспармен белгіленеді. Үшіншіден, ауылшаруашылық шикізатын өндіруге қажетті өндіріс құралдары жеке адамдардың, немесе топ адамдардың қолына емес, мемлекеттің қолына жыйналып отыр. Ал енді осыдан кейін құн заңының реттеуіш ролінен не қалады? Мұнан шығатыны: құн заңының өзі жоғарыда аталған социалистік өндіріске тән фактылармен реттеліп отырады.

Демек, құн заңы ауылшаруашылық шикізаты бағаларының құрылуына әсер ететіндігін, осы істің факторларының бірі болып табылатындығын жоққа шы-

ғаруға болмайды. Бірақ алайда бұл әсердің реттеуіш әсер болып табылмайтындығын және табыла да алмайтындығын теріске шығаруға тағы болмайды.

**Бесінші пункт жөнінде.**

Социалистік халық шаруашылығының рентабелділігі туралы айта келіп, мен өзімнің «Ескертпелерімде»: біздің жоспарлы халық шаруашылығымыз рентабелді кәсіп орындарға айрықша артықшылық жасамайтын болғандықтан және бұл кәсіпорындармен қатар рентабелсіз кәсіпорындардың болуына да жол беретін болғандықтан,— жоспарлы халық шаруашылығы шаруашылықтағы рентабелділік принципінің өзін құртып жібереді дейтін кейбір жолдастарға қарсы шыққанмын. «Ескертпелерде» былай делінген: жеке кәсіпорындардың және өндірістің жеке тарауларының тұрғысынан алып қаралған рентабелділік, бізді артық өндірілу кри-

зистерінен құтқарып, біз үшін өндірістің үздіксіз өсуін қамтамасыз етіп, социалистік өндірістің бізге беріп отырған ең жоғары рентабелділігімен салғастыруға ешбір келмейді.

Бірақ мұнан: жеке кәсіпорындар мен өндіріс тараулары рентабелділігінің ерекше бағасы жоқ және оған елеулі көңіл бөліп жату қажет емес деп қорытынды шығару теріс болған болар еді. Бұл, әрине, дұрыс емес. Біздің өндірістің дамуы тұрғысынан қарағанда жеке кәсіпорындар мен өндіріс тараулары рентабелділігінің зор маңызы бар. Құрылысты жоспарлағанда да, өндірісті жоспарлағанда да рентабелділік жағы еске алынып отыруға тиіс. Бұл — дамудың кәзіргі кезеңінде біздің шаруашылық ісіміздің әліппесі.

**Алтыншы пункт жөнінде.**

Сіздің капитализмге қатнасты: «формасы өте-мөте өзгерген түрдегі ұлғаймалы өндіріс» деген сөздеріңізді қалай

түсіну керек екендігі айқын емес. Айта кету керек, мұндай өндірістер, және оның үстіне ұлғаймалы өндірістер, жарық дүниеде болмайды.

Дүниежүзілік рынок бөлініп, басты-басты капиталистік елдердің (АҚШ, Англия, Франция) дүниежүзілік ресурстарға күш жұмсау сферасы тарыла бастағаннан кейін капитализм дамуының циклдік сыйпаты — өндірістің өсуі мен қысқаруы—дегенмен сақталып қалуға тиіс екендігі анық нәрсе. Алайда бұл елдерде өндірістің өсуі тарылған негізде болып отырады, өйткені бұл елдерде өндіріс көлемі қысқара береді.

**Жетінші пункт жөнінде.**

Дүниежүзілік капиталистік системаның жалпы кризисі бірінші дүниежүзілік соғыстың дәуірінде, әсіресе Совет Одағының капиталистік системадан бөлініп шығуы нәтижесінде басталды. Мұның өзі жалпы кризистің бірінші кезеңі болды. Екінші дүниежүзі-

лік соғыстың дәуірінде, әсіресе капиталистік системадан Европадағы және Азиядағы халықтық-демократия елдері бөлініп шыққаннан кейін, жалпы кризистің екінші кезеңі өрістеді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың дәуіріндегі бірінші кризисті және екінші дүниежүзілік соғыстың дәуіріндегі екінші кризисті бөлек, бірінен бірі оқшау жатқан дербес кризистер ретінде қарамау керек, дүниежүзілік капиталистік системаның жалпы кризисінің дамуындағы кезеңдер деп қарау керек.

Дүниежүзілік капитализмнің жалпы кризисі тек қана саяси немесе тек қана экономикалық кризис болып табыла ма? Ол да, бұл да емес. Ол жалпы кризис, яғни экономиканы да, саясатты да қамтыйтын, капитализмнің дүниежүзілік системасының әртарапты кризисі болып табылады. Бұл жерде мұның негізі, бір жағынан, капитализмнің дүниежүзілік экономикалық системасының бірден-бірге күшейіп бара жатқан

ыдырауы екендігі және, екінші жағынан, капитализмнен бөлініп шыққан елдердің — ССРО-ның, Қытайдың және басқа да халықтық-демократия елдерінің — өрлеп өсуші экономикалық күш қуаты екендігі түсінікті нәрсе.

***И. СТАЛИН***

21 апрель, 1952 жыл.

# Л. Д. ЯРОШЕНКО ЖОЛДАСТЫҢ ҚАТЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Жақында БК(б)П Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшелеріне Ярошенко жолдас белгілі ноябрь дискуссиясында талқыланған бірқатар экономикалық мәселелер жөнінде осы жылғы 20 мартта жазылған хатын таратты. Хатта оның авторының дискуссия жөніндегі негізгі қортынды документтерде, сол сықты Сталин жолдастың «Ескертпелерінде», Ярошенко жолдастың «көзқарасы ешқандай елен-

беген» деген шағымы бар. Оның үстіне жазбада Ярошенко жолдастың оған бір жылдың немесе біржарым жылдың ішінде «Социализмнің саяси экономиясын» жасауға рұқсат ету, бұл үшін оған екі жәрдемші беру туралы ұсынысы бар.

Меніңше, Ярошенко жолдастың шағымын да, оның ұсынысын да мәні жағынан қарауға тура келеді.

Шағымнан бастайық.

Сөйтіп, Ярошенко жолдастың жоғарыда аталған документтерде ешқандай еленбеген «көзқарасы» қандай.

## I

## ЯРОШЕНКО ЖОЛДАСТЫҢ БАСТЫ ҚАТЕСІ

Егер Ярошенко жолдастың көзқарасын бір-екі сөзбен сыйпаттасақ, онда мынаны айту керек: оның көзқарасы — маркстік көзқарас емес,— демек, өте-мөте қате көзқарас.

Ярошенко жолдастың басты қатесі мынау: ол өндіргіш күштер мен өндірістік қатнастардың қоғам дамуындағы ролі туралы мәселеде марксизмнен таяды, өндіргіш күштердің ролін тым асыра көрсетеді, сонымен қатар

өндірістік қатнастардың ролін тым кеміте көрсетеді, сөйтіп, ақырында келіп, социализм тұсындағы өндірістік қатнастарды өндіргіш күштердің бір бөлегі деп жарыялайды.

Ярошенко жолдас өндірістік қатнастардың «антагонистік таптық қайшылықтар» жағдайындағы кейбір ролін мойындауға қосылады, өйткені мұнда өндірістік қатнастар «өндіргіш күштердің дамуына қайшы келеді». Бірақ ол бұл рольді жағымсыз рольмен, өндіргіш күштердің дамуына кедергі жасайтын, олардың дамуын құрсайтын фактордың ролімен тындырады. Өндірістік қатнастардың басқа функцияларын, қандай да болса пайдалы функцияларын Ярошенко жолдас көрмейді.

Ал енді «антагонистік таптық қайшылықтары» жоқ, өндірістік қатнастары «енді өндіргіш күштердің дамуына қайшы келмейтін» социалистік құрылысқа келсек,— онда Ярошенко жолдас: мұнда өндірістік қатнастардың

қандай да болса дербес ролі жоғалады, өндірістік қатнастар дамудың елеулі факторы болудан қалады және олар, бөлшектің бүтінге енетіні сияқты, өндіргіш күштерге еніп кетеді деп есептейді. Социализм тұсында, дейді Ярошенко жолдас, «адамдардың өндірістік қатнастары өндіргіш күштердің ұйымдасуына кіреді, осы ұйымдасудың құралы, кезеңі ретінде кіреді» (Ярошенко жолдастың Орталық Комитеттің Саяси Бюросына жазған хатын қараңыз).

Бұлай болғанда социализмнің Саяси экономиясының басты міндеті қандай? Ярошенко жолдас былай деп жауап береді: «Сондықтан социализмнің Саяси экономиясының басты проблемасы — социалистік қоғамдағы адамдардың өндірістік қатнастарын зерттеу *емес, қайта* қоғамдық өндірістегі өндіргіш күштерді ұйымдастырудың ғылыми теориясын, халық шаруашылығының дамуын жоспарлау теориясын

*

жасау, дамыту» (Ярошенко жолдастың дискуссия Пленумында сөйлеген сөзін қараңыз).

Шынында, осы себептен де, Ярошенко жолдас біздің экономикамызда меншіктің әртүрлі формаларының болуы, товар айналысы, құн заңы және басқалар сияқты социалистік құрылыстың экономикалық мәселелерімен шұғылданбайды, бұл мәселелерді тек схоластикалық таластар туғызатын екінші дәрежелі мәселелер деп есептейді. Ол тура былай дейді: оның социализм Саяси экономиясында «социализмнің саяси экономиясының — құн, товар, ақша, кредит және басқалар сияқты — белгілібір категорияларының ролі туралы таластардың, бізде көбінесе схоластикалық сыйпат алып жүрген таластардың, *орнына* қоғамдық өндірісте өндіргіш күштерді рационалды түрде ұйымдастыру туралы, мұндай ұйымдастыруды ғылыми жағынан дәлелдеу туралы орынды пікір-

лер болады» (Ярошенко жолдастың дискуссия Пленумының Секциясында сөйлеген сөзін қараңыз).

Демек, экономикалық проблемаларсыз саяси экономия болып шығады.

Ярошенко жолдас: социализмнен коммунизмге өту ерекше бір қыйыншылықтарсыз болу үшін «өндіргіш күштерді рационалды түрде ұйымдастыру» ісін жолға қоюдың өзі-ақ жеткілікті деп ойлайды. Ол коммунизмге өту үшін осының өзі-ақ әбден жеткілікті деп есептейді. Ол тура былай дейді: «социализм тұсында коммунистік қоғам орнату жолындағы негізгі күрес өндіргіш күштерді дұрыс ұйымдастыру және оларды қоғамдық өндірісте рационалды түрде пайдалану жолындағы күреске келіп тіреледі» (дискуссия Пленумында сөйлеген сөзін қараңыз). Ярошенко жолдас маңызданып тұрып: «Коммунизм дегеніміз қоғамдық өндірісте өндіргіш

күштердің жоғары дәрежеде ғылыми ұйымдастырылуы» деп жариялайды.

Бақсақ, «өндіргіш күштердің рационалды түрде ұйымдастырылуы» коммунистік құрылыстың мәнін толық көрсетеді екен.

Осының бәрінен Ярошенко жолдас мынадай қортынды шығарады: барлық қоғамдық формациялар үшін ортақ Саяси экономияның болуы мүмкін емес, екі саяси экономия болуға тиіс: бірі — социализмнен бұрынғы қоғамдық формацияларға арналуға тиіс, оның предметі адамдардың өндірістік қатнастарын зерттеу болып табылады, екіншісі — социалистік құрылысқа арналуға тиіс, оның предметі өндірістік, яғни экономикалық, қатнастарды зерттеу емес, өндіргіш күштерді рационалды түрде ұйымдастыру мәселелерін зерттеу болуға тиіс.

Ярошенко жолдастың көзқарасы осындай.

Бұл көзқарас туралы не айтуға болады?

Біріншіден, қоғам тарихында өндірістік қатнастардың ролі өндіргіш күштердің дамуын құрсайтын кедергінің ролімен тынады деу дұрыс емес. Маркс-истер өндірістік қатнастардың кедергі жасаушы ролі туралы сөз қылғанда, өндірістік қатнастар атаулының бәрін емес, енді өндіргіш күштердің өсуіне сәйкеспейтін, демек, олардың дамуына кедергі жасайтын ескі өндірістік қатнастарды ғана айтады. Бірақ ескі өндірістік қатнастардан басқа, сол ескілердің орнын басатын, жұртқа мәлім, жаңа өндірістік қатнастар бар. Жаңа өндірістік қатнастардың ролі өндіргіш күштерге кедергі жасау роліне келіп тіреледі деуге бола ма? Жоқ, болмайды. Керісінше, жаңа өндірістік қатнастар *басты* және шешуші күш болып табылады; оның өзі шынында өндіргіш күштердің онан сайын дамуын, оның үстіне мықтап дамуын белгілейді жә-

не өндірістік қатнастарсыз өндіргіш күштер қатып-семуге душар болады, кәзіргі уақытта капиталистік елдерде осылай болып отыр.

Біздің советтік өнеркәсіптің өндіргіш күштерінің бесжылдықтар кезінде орасан дамығанын ешкім де бекерге шығара алмайды. Бірақ, егер біз 1917 жылғы октябрьде ескі, капиталистік өндірістік қатнастардың орнына жаңа, социалистік өндірістік қатнастар орнатпасақ, мұндай даму болмас еді. Біздің елдің өндірістік, экономикалық қатнастарында осындай төңкеріс болмаса, өндіргіш күштер, кәзір капиталистік елдерде қатып-семіп отырғаны сияқты, бізде де қатып-семер еді.

Біздің ауыл шаруашылығының өндіргіш күштерінің соңғы 20—25 жылда орасан дамығанын ешкім де бекерге шығара алмайды. Бірақ, егер біз отызыншы жылдарда деревняда ескі, капиталистік өндірістік қатнастардың орнына жаңа, коллективистік өндіріс-

тік қатнастар орнатпасақ, мұндай даму болмас еді. Осындай өндірістік төңкеріс болмаса, біздің ауыл шаруашылығының өндіргіш күштері, қазір капиталистік елдерде қатып-семіп отырғаны сияқты, қатып-семер еді.

Әрине, жаңа өндірістік қатнастар мәңгі жаңа болып қала алмайды және олай болып қалмайды, олар ескіріп, өндіргіш күштердің одан әрі дамуына қайшы келе бастайды, олар өндіргіш күштердің басты қозғаушы болу ролінен айрыла бастайды және олардың кедергісіне айналады. Ол уақытта мұндай ескіріп қалған өндірістік қатнастардың орнына жаңа өндірістік қатнастар пайда болады; бұл жаңа өндірістік қатнастардың атқаратын ролі — өндіргіш күштердің одан әрі дамуының басты қозғаушы болу.

Өндірістік қатнастардың осындай өзгеше дамуы — өндіргіш күштердің кедергісі болу ролінен олардың алға апаратын басты қозғаушы болу ролі-

не қарай және басты қозғауыш болу ролінен өндіргіш күштердің кедергісі болу роліне қарай дамуы,— маркстік материалистік диалектиканың басты элементтерінің бірі болып табылады. Қазір мұны марксизмнен әзірленіп жүргендердің бәрі біледі. Бақсақ, мұны Ярошенко жолдас білмейді екен.

Екіншіден, социализм тұсында өндірістік, яғни экономикалық, қатнастардың дербес ролі жоғалады, өндірістік қатнастар өндіргіш күштерге еніп кетеді, социализм тұсында қоғамдық өндіріс өндіргіш күштердің ұйымдастырылуына келіп тіреледі деу дұрыс емес. Марксизм қоғамдық өндірісті біртұтас нәрсе деп қарайды; оның айрылмастай байланысты екі жағы: қоғамның өндіргіш күштері (қоғамның табиғат күштеріне қатнасы; осы күштерге карсы күресте қоғам өзіне қажетті материалдық игілік табады) және өндірістік қатнастар (өндіріс процесінде адамдардың бір-біріне қатнасы).

Бұл — қоғамдық өндірістің әртүрлі екі жағы, бірақ олар бір-бірімен айрылмастай байланысты. Қоғамдық өндірістің әртүрлі жақтары болғандықтан да олар бір-біріне әсер ете алады. Бұл екі жақтың біреуі екіншісіне еніп, оның құрамды бөлегіне айналып кетуі мүмкін деу—марксизмге қарсы аса елеулі күнә жасау деген сөз.

Маркс былай дейді:

«Өндірісте адамдар табиғатқа ғана емес, сонымен қатар бір-біріне де әсер етеді. Бірлесіп қызмет ету үшін және өз қызметтерімен өзара айырбас жасау үшін белгілі түрде бірікпейінше, олар ештеңе өндіре алмайды. Өндіру үшін адамдар белгілібір байланыстар мен қатнастар жасайды және тек осы қоғамдық байланыстар мен қатнастар арқылы ғана олардың табиғатқа қатнасы өмір сүреді, өндіріс орын алады» (қараңыз: «Қ. Маркс пен Ф. Энгельс», V том, 429-бет).

Демек, қоғамдық өндірістің екі жа-

ғы бар; бұл екеуі бір-бірімен айрылмастай байланысты болғанымен, қалай да әртүрлі екі қатнасты: адамдардың табиғатқа қатнасын (өндіргіш күштер) және өндіріс процесінде адамдардың бір-біріне қатнасын (өндірістік қатнастар) көрсетеді. Өндірістің екі жағы болғанда ғана қоғамдық өндіріс болады,— әңгіме социалистік құрылыс туралы немесе басқа қоғамдық формациялар туралы болып отыр ма, мұның бәрібір.

Сірә, Ярошенко жолдас Маркске толық қосылмайтын болса керек. Ол Маркстің бұл қағыйдасын социалистік құрылысқа қолдануға болмайды деп есептейді. Сондықтан да ол, өндірістік, экономикалық қатнастарды былай қойып және өндіргіш күштерді олардан бөліп алып, социализмнің Саяси экономиясының проблемасын өндіргіш күштерді рационалды түрде ұйымдастыру міндетіне әкеліп тірейді.

Демек, Ярошенко жолдастыкі маркс-

тік Саяси экономия емес, Богдановтың «Жалпылық ұйымдастыру ғылымы» сияқты бірдеңе болып шығады.

Сонымен, өндіргіш күштер өндірістің ең орамды және революциялық күштері болып табылады деген дұрыс пікірді ала отырып, Ярошенко жолдас бұл пікірді сорақылыққа жеткізеді, социализм тұсындағы өндірістік, экономикалық қатнастардың ролін бекерге шығаруға дейін барады, сөйтіп оныкі толық қоғамдық өндіріс емес, біржақты, жадағай өндіріс технологиясы болып шығады,— Бухариннің «қоғамдық-ұйымдастырушылық техникасы» сияқты бірдеңе болып шығады.

Маркс былай дейді:

«Өз өміріндегі қоғамдық өндірісте (яғни адамдардың өміріне қажетті материалдық игіліктерді өндіруде — И. Ст.) адамдар өздерінің еріктеріне байланыссыз, белгілібір, қажетті қатнастарға — өндірістік қатнастарға ене-

ді; бұл қатнастар олардың материалдық өндіргіш күштерінің белгілібір даму сатысына сәйкес келеді. Осы өндірістік қатнастардың жыйынтығы қоғамның экономикалық құрылымы, реалдық базис болып табылады; юридикалық және саяси қондырма осы базиске сүйенеді және қоғамдық сананың белгілі формалары осыған сәйкес келеді» («Саяси экономия сынына» жазылған алғысөзді қараңыз).

Мұның мәнісі — әрбір қоғамдық формацияның, оның ішінде социалистік қоғамның да, өзінің экономикалық базисі бар; ол базис адамдардың өндірістік қатнастарының жыйынтығынан құралады. Ярошенко жолдаста социалистік құрылыстың экономикалық базисінің жайы қалай? деген сұрақ туады. Жұртқа мәлім, Ярошенко жолдас социализм тұсындағы өндірістік қатнастарды азды-көпті дербес сала ретінде, жойып жіберіп, олардан қалған азын-аулақ нәрсені өндіргіш күштердің

ұйымдасу құрамына енгізді. Ендеше социалистік құрылыстың өзіне тән экономикалық базисі бар ма? Сірә, социализм тұсындағы өндірістік қатнастар, азды-көпті дербес күш ретінде, жоғалғандықтан, социалистік құрылыс өзіне тән экономикалық базиссіз қалады.

Демек, социалистік құрылыстың өзіне тән экономикалық базисі жоқ болып шығады. Өте қызық оқыйға екен...

Тегінде өзінің экономикалық базисі жоқ қоғамдық құрылыстың болуы мүмкін бе? Ярошенко жолдас, сірә, мүмкін деп есептейді. Ал марксизм дүниеде мұндай қоғамдық құрылыстар болмайды деп есептейді.

Ақырында, коммунизм дегеніміз өндіргіш күштердің рационалды түрде ұйымдасуы, өндіргіш күштердің рационалды түрде ұйымдастырылуы коммунистік құрылыстың мәнін толық көрсетеді, ерекше бір қыйыншылықтарсыз-ақ коммунизмге өту үшін өндіргіш күштерді рационалды түрде ұйымдастырса

болғаны деу дұрыс емес. Біздің әдебиетте коммунизмнің басқа анықтамасы, басқа формуласы, атап айтқанда: «Коммунизм дегеніміз совет өкіметі және бүкіл елді электрлендіру» деген лениндік формуласы бар. Сірә, Ярошенко жолдасқа лениндік формула ұнамаса керек, сондықтан ол бұл формуланың орнына өзінің қолдан жасаған формуласын: «Коммунизм дегеніміз қоғамдық өндірісте өндіргіш күштердің жоғары дәрежеде ғылыми ұйымдастырылуы» деген формуласын қолданады.

Біріншіден, Ярошенко жолдастың дәріптеп отырған мұндай өндіргіш күштердің «жоғары дәрежеде ғылыми» және «рационалды түрде» ұйымдастырылуы дегенінің не екенін, оның нақты мазмұны қандай екенін ешкім де білмейді. Ярошенко жолдас дискуссияның Пленумында, секцияларында сөйлеген сөздерінде, Саяси Бюро мүшелерінің атына жазған хатында осы ерте-

гілік формуланы ондаған рет қайталайды, бірақ коммунистік құрылыстың мәнін бейнебір толық көрсететін өндіргіш күштердің «рационалды түрде ұйымдастырылуын» шынында қалай түсіну керек екендігін түсіндіруге бір сөз де айтып, әрекет жасамайды.

Екіншіден, ал егер екі формуланың біреуін таңдайтын болсақ, онда бірден-бір дұрыс формула болып табылатын лениндік формуланы тастамау керек, Ярошенко жолдастың маркстік емес, ойдан шығарған формуласымағын, Богдановтың коймасынан — «Жалпылық ұйымдастыру ғылымынан» алынған формуласымағын тастау керек.

Ярошенко жолдас: өнім молшылығын жасап, коммунизмге өту үшін, «әркімге еңбегіне қарай» деген формуладан «әркімге керегіне қарай» деген формулаға көшу үшін өндіргіш күштердің рационалды түрде ұйымдасуына қол жетсе болғаны деп ойлайды. Бұл — социализмнің экономикалық дамуы-

ның зандарын түгелдей түсінбеушілікті көрсететін зор адасқандық. Ярошенко жолдас социализмнен коммунизмге өту шарттарын тым анайы, балаша анайы түсінеді. Колхоздық-топтық меншік, товар айналысы, т. с. сыяқты экономикалық фактылар күшінде қалдырылса, қоғамның барлық керектерін өтей алатын өнім молшылығын жасауға да, «әркімге керегіне қарай» деген формулаға көшуге де болмайтынын Ярошенко жолдас түсінбейді. Ярошенко жолдас, «әркімге керегіне карай» деген формулаға көшуден бұрын, қоғамды экономикалық және мәдени жағынан қайта тәрбиелеудің бірқатар дәуірлерін өту керек екенін, бұл дәуірлердің ішінде еңбек тек тіршілік ету құралы ғана болудан қоғамның көз алдында өмірдің ең бірінші керегіне, ал қоғамдық меншік қоғамның өмір сүруінің мызғымайтын және қол сұғылмайтын негізіне айналатынын түсінбейді.

Коммунизмге декларациялық түрде емес, шындап өтуді әзірлеу үшін ең кемінде негізгі үш алғышартты жүзеге асыру керек.

1. Біріншіден, өндіргіш күштердің ертегілік «рационалды түрде ұйымдастырылуын» емес, бүкіл қоғамдық өндірістің үздіксіз өсуін, көбінесе өндіріс құрал-жабдықтарын өндірудің өсуін баянды түрде қамтамасыз ету қажет. Көбінесе өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруді өсірудің қажет болатын себебі — мұның өзі өз кәсіпорындарын да, халық шаруашылығының барлық басқа тарауларындағы кәсіпорындарды да жабдықпен қамтамасыз етуге тиіс екендігінен ғана емес, сонымен қатар онсыз тегінде ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүзеге асыру мүмкін емес екендігінен де.

2. Екіншіден, колхоздар үшін, демек, бүкіл қоғам үшін тиімді түрде жүзеге асырылатын бірте-бірте өту жолымен колхоздық меншікті жалпыха-

лықтық меншіктің дәрежесіне жеткізу қажет, ал товар айналысын да біртебірте өту жолымен өнім айырбасы системасына ауыстыру қажет, сөйтіп орталық өкімет немесе басқабір қоғамдық-экономикалық орталық қоғамның мүддесі үшін қоғамдық өндірістің бүкіл өнімін қамтыйтын болуы қажет.

Ярошенко жолдас: социализм тұсында қоғамның өндірістік қатнастары мен өндіргіш күштерінің арасында ешқандай қайшылық жоқ деп қателеседі. Әрине, біздің кәзіргі өндірістік қатнастарымыз мынадай дәуірді басынан кешіріп отыр: олар, өндіргіш күштердің өсуіне әбден сәйкесе отырып, өндіргіш күштерді қарыштаған адыммен алға бастырып отыр. Бірақ осымен тыну және біздегі өндіргіш күштер мен өндірістік қатнастардың арасында ешқандай қайшылықтар жоқ деп ойлау теріс болар еді. Қайшылықтар сөзсіз бар және болады да, өйткені өндірістік қатнастардың дамуы өндіргіш

күштердің дамуынан артта қалып отыр және артта қалады да. Басшы органдардың дұрыс саясаты арқасында бұл қайшылықтар қарама-қарсылықтарға айнала алмайды және бұл арада әңгіме қоғамның өндірістік қатнастары мен өндіргіш күштерінің арасындағы жанжалға соға алмайды. Егер біз Ярошенко жолдастың ұсынып отырғаны сияқты теріс саясатты жүргізсек, онда әңгіме басқаша. Бұлай болғанда жанжалдың болуы сөзсіз, онда біздегі өндірістік қатнастар өндіргіш күштердің одан әрі дамуының аса елеулі кедергісіне айналуы мүмкін.

Сондықтан басшы органдардың міндеті — өсіп келе жатқан қайшылықтарды дер кезінде байқау және өндірістік қатнастарды өндіргіш күштердің өсуіне бейімдеу жолымен ол қайшылықтарды жоюға дер кезінде шара қолдану. Мұның, бәрінен бұрын, топтық — колхоздық меншік, товар

айналысы сиякты экономикалық құбылыстарға қатысы бар. Әрине, кәзіргі уақытта біз бұл құбылыстарды социалистік шаруашылықты дамыту үшін ойдағыдай пайдаланып отырмыз және олар біздің қоғамға күмәнсыз пайда келтіріп отыр. Олардың таяудағы келешекте де пайда келтіретіндігі күмәнсыз. Бірақ сонымен қатар мынаны көрмеу кешіргісіз соқырлық болар еді: бұл құбылыстар кәзірдің өзінде-ақ біздегі өндіргіш күштердің мықтап дамуына кедергі жасай бастады, өйткені олар бүкіл халық шаруашылығын, әсіресе ауыл шаруашылығын мемлекеттік жоспарлау ісімен толық қамтуға бөгет жасап отыр. Бұл құбылыстар еліміздегі өндіргіш күштердің одан әрі өсуіне барған сайын көбірек кедергі жасайтындығы жөнінде күмән болуы мүмкін емес. Демек, міндет мынада: колхоздық меншікті бірте-бірте жалпыхалықтық меншікке айналдыру және — тағыда бірте-біртелік ретімен — товар

айналысының орнына өнім айырбасын енгізу жолымен бұл қайшылықтарды жою керек.

3. Үшіншіден, қоғамның мәдени өсуін мынадай дәрежеге жеткізу қажет: бұл мәдени өсу қоғамның барлық мүшелерінің дене және ой қаблеттерінің әртарапты дамуын қамтамасыз етуі керек, сөйтіп қоғам мүшелері қоғамдық дамудың белсенді қайраткерлері боларлықтай жеткілікті білім алуға мүмкіндік алатын болуы керек, олар, кәзіргі еңбек бөлінісінің әсерінен, бүкіл өмірбойы белгілібір мамандыққа байланып қалмай, мамандықты еркін таңдауға мүмкіндік алатын болуы керек.

Бұл үшін не істеу керек?

Еңбектің кәзіргі жағдайына елеулі өзгерістер енгізбей-ақ қоғам мүшелерінің осындай елеулі мәдени өсуіне жетуге болады деп ойлау теріс болар еді. Бұл үшін, бәрінен бұрын, жұмыс күнін ең болмаса 6 сағатқа дейін, ал

одан кейін тіпті 5 сағатқа дейін қысқарту керек. Мұның өзі қоғам мүшелерінің әртарапты білім алуына қажетті жеткілікті бос уақыты болу үшін қажет. Бұл үшін, одан соң, қоғам мүшелерінің, бүкіл өмірбойы белгілібір мамандыққа байланып қалмай, мамандықты еркін таңдауына мүмкіндігі болу үшін қажет жалпыға бірдей міндетті политехникалық оқуды енгізу керек. Бұл үшін, одан әрі, тұрғын үй жағдайларын түбірінен жақсарту керек және ақшалай жалақыны тікелей арттыру жолымен де, әсіресе, көпшілік тұтынатын заттардың бағасын онан сайын үздіксіз кеміту жолымен де жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысын кемінде екі есе, тіпті одан да гөрі көбірек, арттыру керек.

Коммунизмге өту әзірлігінің негізгі шарттары осындай.

Осы алғышарттардың *бәрін* тұтасымен орындағанда ғана, қоғам мүшелерінің көз алдында еңбек машақаттан

«өмірдің бірінші керегіне» (Маркс) айналады, «еңбек ауыр бейнеттен рахатқа айналады» (Энгельс), қоғамның барлық мүшелері қоғамдық меншікті қоғамның өмір сүруінің мызғымайтын және қол сұғылмайтын негізі ретінде бағалайды деп сенуге болады.

Осы алғышарттардың *бәрін* тұтасымен орындағанда ғана «әркімнен қаблетіне қарай, әркімге еңбегіне қарай» деген социалистік формуладан «әркімнен қаблетіне қарай, әркімге керегіне қарай» деген коммунистік формулаға көшуге болады.

Мұның өзі бір экономикадан, социализм экономикасынан — басқа, жоғары дәрежелі экономикаға, коммунизм экономикасына біржолата көшу болады.

Көріп отырсыздар, социализмнен коммунизмге өту ісі, Ярошенко жолдастың ойлағанындай, оп-оңай емес.

Аса елеулі экономикалық өзгерістерді керек қылатын осы күрделі, әр-

тарапты істің бәрін, Ярошенко жолдастың істеп отырғанындай, «өндіргіш күштердің рационалды түрде ұйымдасуына» айналдыруға тырысу — марксизмді богдановшылдықпен ауыстыру деген сөз.

## II

## ЯРОШЕНКО ЖОЛДАСТЫҢ БАСҚА ҚАТЕЛЕРІ

1. Өзінің теріс көзқарасынан Ярошенко жолдас саяси экономияның сыйпаты мен предметі туралы теріс қортынды жасайды.

Ярошенко жолдас, әрбір қоғамдық формацияның өзіне тән ерекше экономикалық зандары болады дегенге сүйеніп, барлық қоғамдық формацияларға арналған біртұтас саяси экономияның қажет екенін бекерге шығарады. Бірақ оныкі мүлде дұрыс емес және ол бұл арада Энгельс, Ленин сыяқты марксистерден аулақ кетіп отыр.

Энгельстің айтуынша, саяси эконо-

Энгельстің былай деп айтқаны әбден дұрыс:

«Буржуазиялық саяси экономияны бұлай сынауды барлық жағынан жүргізу үшін өндірістің, айырбастың және бөлістің капиталистік формасымен танысу жеткіліксіз болды. Оның үстіне, ең болмаса жалпы шамада, одан бұрын болған формаларды немесе кем дамыған елдерде онымен әлі қатар өмір сүріп отырған формаларды зерттеп, салыстыру керек болды» («Анти-Дюринг»).

Анығында, бұл арада, бұл мәселеде Ярошенко жолдас Бухаринмен үн қосып отыр.

Сонсын. Ярошенко жолдастың айтуынша, оның «Социализмнің саяси экономиясында» «саяси экономия категорияларының — құнның, товардың, ақшаның, кредиттің және басқалардың — *орнына* қоғамдық өндірісте өндіргіш күштерді рационалды түрде ұйымдастыру туралы орынды пікірлер

қолданылады», демек, *бұл* саяси экономияның предметі — социализмнің өндірістік қатнастары *емес, қайта* «өндіргіш күштерді ұйымдастырудың ғылыми теориясын, халық шаруашылығын жоспарлау теориясын, т. с. жасап, дамыту», социализм тұсында өндірістік қатнастар өзінің дербестік маңызын жойып, өндіргіш күштерге, солардың құрамды бөлегі ретінде, еніп кетеді.

Бізде жолдан тайған «марксистің» бірде-бірі мұндай өрескел сөзуарлыққа салынып көрмегенін айту керек. Расында да, экономикалық, өндірістік проблемалары жоқ социализмнің саяси экономиясы деген не? Дүниеде мұндай саяси экономия бола ма? Социализмнің саяси экономиясында экономикалық проблемалардың орнына өндіргіш күштерді ұйымдастыру проблемаларын қолдану деген не? Мұның өзі социализмнің саяси экономиясын жою деген сөз. Ярошенко жолдас нақ осылай істеп отыр,—ол социализмнің саяси эко-

номиясын жойып отыр. Бұл арада ол Бухаринмен толық табысып отыр. Бухариннің *айтуынша,* капитализмнің құруымен бірге саяси экономия да құруға тиіс. Ярошенко жолдас бұлай деп айтпайды, бірақ социализмнің саяси экономиясын жойып, осыны *істейді.* Рас, бұл арада ол Бухаринге онша қосылмайтын сияқты пішін білдіреді, бірақ бұл — қулық, оның үстіне бір тиынға тұрмайтын қулық. Шынында ол Бухариннің уағыздағанын істеп отыр; бұған Ленин қарсы шыққан болатын. Ярошенко жолдас Бухариннің ізімен сүйретіліп барады.

Сонсын. Ярошенко жолдас социализмнің саяси экономиясының проблемаларын өндіргіш күштерді рационалды түрде ұйымдастыру проблемаларына, халық шаруашылығын жоспарлау проблемаларына, т. с. айналдырады. Бірақ ол қатты адасады. Өндіргіш күштерді рационалды түрде ұйымдастыру, халық шаруашылығын жоспарлау проб-

лемалары, т. с. саяси экономияның предметі емес, басшы органдардың шаруашылық саясатының предметі. Бұл—екі басқа сала; бұларды араластыруға болмайды. Ярошенко жолдас осы екі басқа нәрсені шатастырып, ұятқа қалды. Саяси экономия адамдардың өндірістік қатнастарының даму заңдарын зерттейді. Шаруашылық саясаты осыдан практикалық қортындылар шығарып, бұларды нақтылап, осыған қарай өзінің күнделікті жұмысын жүргізеді. Саяси экономияға шаруашылық саясатының мәселелерін жүктеу — ғылым ретінде, саяси экономияны құрту деген сөз.

Саяси экономияның предметі — адамдардың өндірістік, экономикалық қатнастары. Бұған кіретіндер: а) өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктену формалары; б) осыдан келіп шығатын, әртүрлі әлеуметтік топтардың өндірістегі күйі және олардың өзара қатнасы, немесе, Маркс айтқандай: «өз қызметтерімен өзара айырбас жасау»; в) өнім

бөлісудің соларға толық байланысты формалары. Осының бәрі бірігіп саяси экономияның предметі болып табылады.

Бұл анықтамада Энгельстің анықтамасындағы «айырбас» деген сөз жоқ. Оның жоқ болатын себебі — әдетте көп жұрт «айырбасты» барлық қоғамдық формацияларға емес, тек кейбір қоғамдық формацияларға ғана тән товар айырбасы деп түсінеді, мұның өзі кейде түсініспеушілік туғызады; шынында Энгельстің «айырбас» деп түсінетіні — товар айырбасы ғана емес. Алайда, көріп отырсыздар, Энгельстің «айырбас» деп түсінгені жоғарыда аталған анықтамадан оның құрамды бөлегі ретінде орын алды. Демек, өзінің мазмұны жағынан саяси экономияның предметін бұлай анықтау Энгельстің анықтамасына толық сай келеді.

2. Белгілібір қоғамдық формацияның негізгі экономикалық заңы туралы сөз қылғанда әдетте мынаған сүйе-

неді: қоғамдық формацияның бірнеше негізгі экономикалық заңы болуы мүмкін емес, оның, *негізгі* заң ретінде, қандай да болса бір ғана негізгі экономикалық заңы болуы мүмкін. Өйтпеген күнде әрбір қоғамдық формацияның бірнеше негізгі экономикалық заңы болар еді, мұның өзі негізгі заң туралы ұғымның өзіне қайшы келеді. Алайда Ярошенко жолдас бұған қосылмайды. Ол социализмнің бір емес, бірнеше негізгі экономикалық заңы болуы мүмкін деп есептейді. Бұл сорақы, бірақ бұл факт. Ол өзінің дискуссия Пленумында сөйлеген сөзінде былай дейді:

«Қоғамдық өндіріс пен ұдайы өндірістің материалдық фондыларының мөлшері мен арасалмағы қоғамдық өндіріске тартылатын жұмыс күшінің болуымен және өсу болашағымен белгіленеді. Бұл — социалистік қоғамның негізгі экономикалық заңы, социалистік қоғамдық өндіріс пен ұдайы өн-

дірістің құрылымын белгілейтін заңы».

Бұл — социализмнің бірінші негізгі экономикалық заңы.

Ярошенко жолдас сол сөзінде былай дейді:

«Социалистік қоғамда I және II бөлімшелердің арасалмағы өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру керегімен, қоғамдық өндіріске қолынан іс келетін халықтың бәрін тартуға қажетті мөлшердегі керегімен белгіленеді. Бұл — социализмнің негізгі экономикалық заңы, сонымен қатар бұл — біздің Конституцияның талабы, совет адамдарының еңбек ету правосынан туатын талап».

Бұл — былайша айтқанда, социализмнің екінші негізгі экономикалық заңы.

Ақырында, Саяси Бюро мүшелерінің атына жазған өзінің хатында Ярошенко жолдас былай дейді:

«Осыған сүйене отырып, социализмнің негізгі экономикалық заңының мән-

ді белгілері мен талаптарын, меніңше, шамамен былай тұжырымдауға болады: қоғамның материалдық және мәдени тұрмыс жағдайларының үздіксіз өсіп келе жатқан және жетіліп келе жатқан өндірісі».

Бұл енді — социализмнің үшінші негізгі экономикалық заңы.

Социализмнің негізгі экономикалық заңы болып табылатын — осы заңдардың бәрі ме әлде солардың біреуі ғана ма, ал егер солардың біреуі ғана болса, атап айтқанда қайсысы,— бұл сұрақтарға Ярошенко жолдас өзінің Саяси Бюро мүшелерінің атына жазған соңғы хатында жауап бермейді. Саяси Бюро мүшелерінің атына жазған хатында социализмнің негізгі экономикалық заңын тұжырымдағанда ол, шамасы, бұдан үш ай бұрын дискуссия Пленумындағы сөзінде социализмнің басқа екі негізгі экономикалық заңын өзінің тұжырымдап қойғанын «ұмытып қалса» керек, сірә, мұндай өте-мөте

күмәнды айлаға жұрт көңіл бөлмес деп есептесе керек. Бірақ, көріп отырсыздар, оның есебінен түк шықпады.

Айталық, Ярошенко жолдас тұжырымдаған социализмнің алғашқы екі негізгі экономикалық заңы ендігәрі өмір сүрмейді делік, бұдан былай Ярошенко жолдас Саяси Бюро мүшелерінің атына жазған хатында баяндалған өзінің үшінші тұжырымын ғана социализмнің негізгі экономикалық заңы деп есептейді делік. Ярошенко жолдастың хатына көз салайық.

Ярошенко жолдастың бұл хаттағы айтуынша, ол социализмнің негізгі экономикалық заңының Сталин жолдастың «Ескертпелерінде» берілген анықтамасына қосылмайды. Ол былай дейді:

«Бұл анықтамадағы бастысы — «бүкіл қоғамның... керектерін максимум қанағаттандыруды қамтамасыз ету». Мұнда өндіріс осы басты мақсатқа — керектерді қанағаттандыру мақсатына

жету құралы ретінде көрсетілген. Мұндай анықтама социализмнің Сіз тұжырымдаған негізгі экономикалық заңы өндіріс басымдығына емес, тұтыну басымдығына сүйенеді деп есептеуге дәлел болады».

Анығында, Ярошенко жолдас проблеманың мәнін мүлде түсінбеген және тұтыну басымдығы немесе өндіріс басымдығы туралы сөздердің іске ешқандай қатнасы жоқ екенін байқамайды. Басқа процестерге қарағанда белгілібір қоғамдық процестердің басымдығы туралы сөз қылғанда, әдетте бұл екі процестің азды-көпті біртекті болып табылатындығына сүйенеді. Тұтыну заттарын өндіруге қарағанда өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру басымдығы туралы сөз қылуға болады және сөз қылу керек те, өйткені мұның екеуінде де әңгіме өндіріс туралы болып отыр, демек, олар азды-көпті біртекті. Бірақ өндіріске қарағанда тұтынудың немесе тұтынуға қарағанда өндірістің басымды-

ғы туралы сөз қылуға болмайды, ол туралы сөз қылу теріс болар еді, өйткені өндіріс пен тұтыну — мүлде әртүрлі екі сала, рас, бір-бірімен байланысты, дегенмен әртүрлі сала. Анығында Ярошенко жолдас мынаны түсінбей отыр: бұл арада әңгіме тұтыну немесе өндіріс басымдығы туралы болып отырған жоқ, қоғамдық өндірістің алдына қоғамның қандай *мақсат* қоятындығы туралы, қоғамдық өндірісті қоғамның, мәселен, социализм тұсында қандай *міндетке* бағындыратындығы туралы болып отыр. Сондықтан Ярошенко жолдастың: «басқа қоғам атаулы сияқты, социалистік қоғамның тіршілік негізі өндіріс болып табылады» деген сөздерінің де іске мүлде қатнасы жоқ. Адамдар өндіріс үшін емес, өздерінің керегін қанағаттандыру үшін өндіретінін Ярошенко жолдас ұмытады. Қоғамның керектерін қанағаттандырудан қол үзген өндірістің кері кетіп, құрыйтындығын ол ұмытады.

Тегінде капиталистік немесе социалистік өндірістің мақсаттары туралы, капиталистік немесе социалистік өндірістің бағынатын міндеттері туралы сөз етуге бола ма? Меніңше, сөз етуге болады және сөз ету керек те.

Маркс былай дейді:

«Капиталистік өндірістің тікелей мақсаты — товарларды емес, қосымша құнды немесе дамыған формасындағы пайданы өндіру; өнімді емес, қосымша өнімді өндіру. Осы тұрғыдан қарағанда еңбектің өзі капитал үшін пайда немесе қосымша өнім өндірсе ғана өнімді еңбек болады. Жұмысшы мұны өндірмесе, оның еңбегі өнімсіз еңбек болады. Демек, толып жатқан қолданылған өнімді еңбек капиталға керек болса, соның арқасында — немесе соған сәйкес — қосымша еңбектің көлемі өсетіндіктен ғана керек; біздің қажетті жұмыс уақыты дейтініміз тек сондықтан ғана қажет. Еңбек мұндай нәтиже

бермесе, ол қажетсіз болады және ол тоқтатылуға тиіс.

Капиталистік өндірістің әрқашандағы мақсаты — минимум капитал жұмсай отырып, максимум қосымша құн немесе максимум қосымша өнім жасау; жұмысшылардың тым көп еңбегінен мұндай нәтиже шықпайтын болғандықтан, капиталдың белгілібір өнімді мүмкіндігінше аз шығынмен өндіруге ұмтылу тенденциясы,— жұмысшы күші мен шығындарды үнемдеп ұстау тенденциясы туады...

Бұлай түсінгенде жұмысшылардың өздері капиталистік өндірісте шынында кім болып отырса, сол болады,— құр мақсат емес, өндіріс мақсаты емес, тек өндіріс құрал-жабдықтары болады». (Қараңыз: «Қосымша құн теориялары», II том, 2-бөлім).

Маркстің бұл сөздерінің тамаша жері — бұл сөздер капиталистік өндірістің мақсатын қысқа және дәл белгілеп қана қоймайды, сонымен қатар со-

циалистік өндірістің алдына қойылуға тиісті негізгі мақсатты, басты міндетті көрсетіп береді.

Демек, капиталистік өндірістің мақсаты — пайда табу. Тұтыну ісіне келсек, ол пайда табу міндетін қаншалық дәрежеде қамтамасыз етсе, капитализмге соншалық дәрежеде ғана керек. Тұтыну туралы мәселенің бұдан тыс жерде капитализм үшін ешқандай мағнасы жоқ. Адам өзінің керектеріменен қатерден шығып құрыйды.

Ал социалистік өндірістің мақсаты қандай, социализм тұсындағы қоғамдық өндіріс қандай басты міндеттің орындалуына бағындырылуға тиіс?

Социалистік өндірістің мақсаты — пайда емес, адам және оның керектері, яғни оның материалдық және мәдени керегін қанағаттандыру. Сталин жолдастың «Ескертпелерінде» айтылғандай, социалистік өндірістің мақсаты — «бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын ма-

териалдық және мәдени керектерін максимум қанағаттандыруды қамтамасыз ету».

Ярошенко жолдас: бұл арада әңгіме өндіріске қарағанда тұтынудың «басымдығы» жөнінде болып отыр деп ойлайды. Бұл, әрине, жете түсінбегендік. Шынында бұл арада әңгіме тұтынудың басымдығы жөнінде болып отырған жоқ, қайта социалистік өндірісті оның негізгі мақсатына — бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін максимум қанағаттандыруды қамтамасыз ету мақсатына *бағындыру* жөнінде болып отыр.

Демек, бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін максимум қанағаттандыруды қамтамасыз ету — социалистік өндірістің *мақсаты;* жоғары дәрежелі техниканың негізінде социалистік өндірісті үздіксіз өсіріп, жетілдіріп отыру — мақсатқа жету *құралы.*

Социализмнің негізгі экономикалық заңы осындай.

Тұтынуға қарағанда өндірістің «басымдығы» дегенді сақтап қалғысы келіп, Ярошенко жолдас: «социализмнің негізгі экономикалық заңы» — «қоғамның материалдық және мәдени жағдайлары өндірісінің үздіксіз өсуі мен жетілуі» дейді. Бұл мүлде дұрыс емес. Ярошенко жолдас Сталин жолдастың «Ескертпелерінде» баяндалған формуланы өрескел бұрмалап, бұзып отыр. Ол өндірісті құралдан мақсатқа айналдырады, ал қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени керектерін максимум қанағаттандыруды қамтамасыз етуді — алып тастайды. Мұның өзі өндірістің өсуіне бола өндірістің өсуі, құр мақсат ретіндегі өндіріс болып шығады, ал адам өзінің керектеріменен Ярошенко жолдастың қатерінен шығып құрыйды.

Сондықтан, Ярошенко жолдастың «концепциясында», социалистік өндіріс-

тің мақсаты ретінде, адамның құрып кетуімен бірге марксизмнің соңғы сарқыншағы да құрып кететіндігі таңданарлық нәрсе емес.

Сонымен, Ярошенко жолдастыкі тұтынуға қарағанда өндірістің «басымдығы» емес, маркстік идеологияға қарағанда буржуазиялық идеологияның «басымдығы» тәрізді бірдеңе болып шықты.

3. Маркстің ұдайы өндіріс теориясы туралы мәселе ерекше қойылып отыр. Ярошенко жолдас: Маркстің ұдайы өндіріс теориясы капиталистік ұдайы өндірістің ғана теориясы болып табылады, ол теорияда басқа қоғамдық формациялар үшін, оның ішінде социалистік қоғамдық формация үшін күші боларлық ештеңе жоқ дейді. Ол былай дейді:

«Маркстің ұдайы өндіріс схемасын, оның капиталистік шаруашылық үшін жасаған схемасын, социалистік қоғамдық өндіріске қолдану Маркстің ілімін

догматтық түрде түсінудің жемісі болып табылады және оның ілімінің мәніне қайшы келеді». (Ярошенко жолдастың дискуссия Пленумында сөйлеген сөзін қараңыз).

Бұдан кейін, ол «Маркстің ұдайы өндіріс схемасы социалистік қоғамның экономикалық заңдарына сәйкеспейді және социалистік ұдайы өндірісті зерттеу үшін негіз бола алмайды» дейді. (Қараңыз: бұл да сонда).

Өндіріс құрал-жабдықтарының өндірілуі (I бөлімше) мен тұтыну құрал-жабдықтарының өндірілуі (II бөлімше) арасындағы айқын арасалмақты белгілейтін маркстік жәй ұдайы өндіріс теориясына тоқтала келіп, Ярошенко жолдас былай дейді:

«Социалистік қоғамда Маркстің бірінші бөлімшедегі В + М және екінші бөлімшедегі С формуласымен бірінші және екінші бөлімшелердің арасындағы арасалмақ белгіленбейді. Социализм жағдайларында бірінші және екінші

бөлімшелердің арасындағы дамудың жоғарыда көрсетілген өзара байланысы болуға тиіс емес». (Қараңыз: бұл да сонда).

Ол былай дейді: «I және II бөлімшелердің арасалмактары туралы Маркстің жасаған теориясын біздің социалистік жағдайларда қолдануға болмайды, өйткені Маркс теориясының негізінде капиталистік шаруашылық және оның заңдары жатыр». (Ярошенко жолдастың Саяси Бюро мүшелерінің атына жазған хатын қараңыз).

Ярошенко жолдас Маркстің ұдайы өндіріс теориясын осылайша сыпыра сөгеді.

Әрине, Маркстің капиталистік өндірістің заңдарын зерттеу нәтижесінде жасаған ұдайы өндіріс теориясы капиталистік өндірістің өзіне тән өзгешеліктерін көрсетеді және ол, табиғи түрде, товарлы-капиталистік құндық қатнастардың формасын алған. Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Бірақ Маркс-

тің ұдайы өндіріс теориясынан тек осы форманы ғана көру, сөйтіп оның негізін байқамау, капиталистік қоғамдық формация үшін ғана емес, басқалары үшін де күші бар негізгі мазмұнын байқамау — бұл теориядан ешнәрсені түсінбеу деген сөз. Егер Ярошенко жолдас бұл істе бірдеңені түсінген болса, ол мына айқын ақыйқатты да түсінген болар еді: Маркстің ұдайы өндіріс схемалары капиталистік өндірістің өзіне тән өзгешеліктерін көрсетумен әсте сарқылмайды, сонымен қатар ол схемаларда барлық қоғамдық формациялар үшін, оның ішінде және әсіресе социалистік қоғамдық формация үшін күшін жоймаған ұдайы өндірістің талай негізгі қағыйдалары бар. Маркстің ұдайы өндіріс теориясының мынадай негізгі қағыйдалары: қоғамдық өндірістің өндіріс құрал-жабдықтарын өндіру мен тұтыну заттарын өндіру болып бөлінуі туралы қағыйда; ұлғаймалы ұдайы өндіріс тұсында көбінесе өндіріс

құрал-жабдықтарын өндірудің өсетіндігі туралы қағыйда; I және II бөлімшелердің арасындағы арасалмақ туралы қағыйда; қорланудың бірден-бір негізі болып табылатын қосымша өнім туралы қағыйда; қоғамдық фондылардың құрылуы және жұмсалатыны туралы қағыйда; ұлғаймалы ұдайы өндірістің бірден-бір негізі болып табылатын қорлану туралы қағыйда,— Маркстің ұдайы өндіріс теориясының осы негізгі қағыйдаларының бәрі капиталистік формация үшін ғана емес, басқалары үшін де күші бар қағыйдалар болып табылады; социалистік қоғамның бірде-бірі халық шаруашылығын жоспарлауда бұл қағыйдаларды қолданбай тұра алмайды. Бір сыйпатты нәрсе: Маркстің «ұдайы өндіріс схемасына» менсінбей пысқырып қарайтын Ярошенко жолдастың өзі социалистік ұдайы өндірістің мәселелерін талқылауда екінің бірінде осы «схемалардың» жәрдеміне жүгінуге мәжбүр болды.

Ал бұл іске Ленин, Маркс қалай қараған еді?

Бухариннің «Өтпелі дәуірдің экономикасы» деген кітабына Лениннің жасаған сын ескертпелері жұрттың бәріне белгілі. Жұртқа мәлім, бұл ескертпелерінде Ленин: I және II бөлімшелердің арасындағы арасалмақ туралы маркстік формула, Ярошенко жолдас қарсы шығып отырған формула, социализм үшін де, «таза коммунизм» үшін де, яғни коммунизмнің екінші фазасы үшін де күшінде қалады деп таныды.

Маркске келсек, ол, жұртқа мәлім, капиталистік өндірістің заңдарын зерттеуден аулақ кетуді жаратпайтын және ол өзінің «Капиталында» ұдайы өндіріс схемасын социализмге қолдануға болатын-болмайтындығы туралы мәселемен шұғылданған жоқ. Алайда «Капиталдың» II томының 20-тарауында, «I бөлімшедегі тұрақты капитал» деген тақырыпшасында, I бөлімшедегі өнімдердің сол бөлімшенің ішіндегі айыр-

басы туралы сөз ететін жерінде, Маркс: бұл бөлімшедегі өнімдердің айырбасы социализм тұсында капиталистік өндірістің тұсындағыдай тұрақтылықпен болар еді деп жол-жөнекей ескертеді. Маркс былай дейді:

«Егер өндіріс капиталистік емес, қоғамдық өндіріс болса, онда, әрине, I бөлімшедегі өнімдер ұдайы өндіріс мақсаты үшін өндіріс құрал-жабдықтары ретінде осы бөлімшенің өндіріс салалары арасында кем түспейтін тұрақтылықпен бөлінер еді: бір бөлегі өзі өнім ретінде шыққан өндіріс сферасында тікелей қалар еді, ал, керісінше, екінші бөлегі басқа өндіріс орындарына көшер еді, сонымен бұл бөлімшенің әртүрлі өндіріс орындары арасында қарама-қарсы бағыттарда үнемі қозғалыс болып тұрар еді» (қараңыз: Маркс «Капитал», II том, 8-басылуы, 307-бет).

Демек, Маркс, капиталистік өндірістің заңдарын зерттеумен шұғылданса

да, өзінің ұдайы өндіріс теориясының тек капиталистік өндіріс үшін ғана күші бар деп әсте есептеген жоқ. Керісінше, ол, көріп отырсыздар, өзінің ұдайы өндіріс теориясының социалистік өндіріс үшін де күші бола алады дегенге сүйенді.

Мынаны атап өту керек: Маркс «Гота программасына сында» социализмнің және коммунизмге өту дәуірінің экономикасына анализ жасағанда өзінің ұдайы өндіріс теориясының негізгі қағыйдаларына сүйеніп, анығында ол қағыйдаларды коммунистік құрылыс үшін міндетті нәрсе деп есептеді.

Мынаны да атап өту керек: Энгельс те өзінің «Анти-Дюрингінде», Дюрингтің «социалитарлық системасын» сынай отырып және социалистік құрылыстың экономикасын сыйпаттай келе, Маркстің ұдайы өндіріс теориясының негізгі қағыйдаларына сүйеніп, ол қағыйдаларды коммунистік құрылыс үшін міндетті нәрсе деп есептейді.

Фактылар осындай.

Демек, бұл арада да, ұдайы өндіріс туралы мәселеде де, Ярошенко жолдас, Маркстің «схемалары» жөніндегі өзінің танту әуеніне қарамастан, тағыда орға жығылып отыр.

4. Саяси Бюро мүшелерінің атына жазған хатын Ярошенко жолдас өзіне «Социализмнің саяси экономиясын» жасауды тапсыру жөніндегі ұсыныспен бітіреді. Ол былай дейді:

«Социализмнің саяси экономиясы ғылымының предметі жөніндегі пленарлық мәжілісте, секцияда және осы хатта өзім баяндаған анықтамаға сүйене отырып, маркстік диалектикалық методты пайдалана отырып, мен бір жылдың, әрі кетсе біржарым жылдың ішінде, екі адамның жәрдемімен, социализмнің саяси экономиясының негізгі мәселелерін теория жағынан шеше аламын; социализмнің саяси экономиясының маркстік, лениндік-сталиндік теориясын баяндай аламын; ол тео-

рия бұл ғылымды халықтың коммунизм жолындағы күресінің пәрменді құралына айналдырады».

Мынаны мойындамасқа болмайды: Ярошенко жолдас кішіпейілдіктің зарын тартып жүрген жоқ. Ол ол ма, кейбір әдебиетшілердің стилін қолданғанда, «тіпті мүлде керісінше» деп айтуға болады.

Жоғарыда айтылғандай, Ярошенко жолдас социализмнің саяси экономиясын басшы органдардың шаруашылық саясатымен араластырады. Оның социализм саяси экономиясының предметі деп есептейтіні — өндіргіш күштерді рационалды түрде ұйымдастыру, халық шаруашылығын жоспарлау, қоғамдық фондылар құру, т. с. — социализмнің саяси экономиясының предметі емес, басшы органдардың шаруашылық саясатының предметі болып табылады.

Ярошенко жолдастың жасаған елеулі қателері және оның маркстік емес

«көзқарасы» Ярошенко жолдасқа мұндай тапсырма беруге мүмкіндік бермейтіндігі туралы мен айтып та отырғаным жоқ.

* * *

Қортындылар:

1) Ярошенко жолдастың дискуссия жетекшілерінің үстінен шағым жасауы мағнасыз нәрсе, өйткені дискуссия жетекшілері, марксистер болғандығынан, өздерінің қортынды документтерінде Ярошенко жолдастың маркстік емес «көзқарасын» келтіре алмады;

2) Ярошенко жолдастың оған социализмнің Саяси экономиясын жазуды тапсыру жөніндегі өтінішін елеулі нәрсе деп есептеуге болмайды, болмайтын бір себебі — одан хлестаковшылдық аңқып тұр.

*И. СТАЛИН*

22 май, 1952 жыл.

# А. В. САНИНА МЕН В. Г. ВЕНЖЕР ЖОЛДАСТАРҒА ЖАУАП

Мен сіздердің хаттарыңызды алдым. Байқауымызша, бұл хаттардың авторлары біздің елдің экономикасының проблемаларын терең және шындап үйреніп жүрген көрінеді. Хаттарда дұрыс тұжырымдар мен қызықты пікірлер де аз емес. Алайда мұнымен бірге онда кейбір елеулі теориялық қателер де бар. Бұл жауабымда мен нақ осы қателерге тоқталмақшымын.

## 1

## СОЦИАЛИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗАҢДАРЫНЫҢ СЫЙПАТЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Санина мен Венжер жолдастар: «материалдық өндірісте істейтін совет адамдарының саналы қызметінің арқасында ғана социализмнің экономикалық заңдары жарыққа шығады» дегенді айтады. Бұл қағыйда мүлде дұрыс емес.

Экономикалық дамудың объективтік түрде, бізден тыс, адамдардың еркі мен санасынан тәуелсіз болатын заңдылықтары бар ма? Марксизм бұл сұраққа мақұлдап жауап береді. Маркс-

изм социализмнің саяси экономиясының заңдарын бізден тыс өмір суретін объективтік заңдылықтардың адам санасындағы бейнесі деп есептейді. Бірақ Санина мен Венжер жолдастардың формуласы бұл сұраққа мақұлдамай жауап береді. Мұның өзі бұл жолдастардың социализм тұсындағы экономикалық дамудың заңдарын қоғамның басшы органдары «жасап отырады», «өзгертіп отырады» дейтін теріс теорияның тұрғысына түсіп отырғанын көрсетеді. Басқаша айтқанда, олар марксизмнен қол үзіп, субъективтік идеализмнің жолына түседі.

Әрине, адамдар бұл объективтік заңдылықтарды аша алады, оларды біле алады және, оларға сүйене отырып, оларды қоғам мүдделері үшін пайдалана алады. Бірақ олар бұл заңдылықтарды «жасай» да, «өзгерте» де алмайды.

Айталық, біз бір минутке социализм тұсындағы экономикалық өмірде

объективтік заңдылықтардың болуын мойындамайтын және экономикалық заңдарды «жасау», экономикалық заңдарды «өзгерту» мүмкін деп жарыялайтын теріс теорияның тұрғысына түстік делік. Мұның өзі неге әкеліп соқтырған болар еді? Мұның өзі мынаған әкеліп соқтырған болар еді: біз былықтар мен кездейсоқтықтардың тұзағына түскен болар едік, біз осы кездейсоқтықтарға құлша тәуелді болып шығар едік, біз өзімізді кездейсоқтықтардың осы былықтарын түсіну былай тұрсын, жәй ажырату мүмкіндігінен де айырған болар едік.

Мұның өзі мынаған әкеліп соқтырған болар еді: біз саяси экономияны ғылым болудан қалдырып жойған болар едік, өйткені ғылым объективтік заңдылықтарды мойындамайынша, бұл заңдылықтарды зерттемейінше өмір сүріп, дамый алмайды. Ал ғылымды жойған соң біз өзімізді елдің экономикалық өміріндегі оқыйғалардың барысын бол-

жау мүмкіндігінен айырған болар едік, яғни біз өзімізді ең аяғы нағыз элементарлық экономикалық басшылық етуді жолға қою мүмкіндігінен айырған болар едік.

Сайып келгенде біз экономикалық дамудың заңдарын «жоюға» және объективтік заңдылықтарды түсінбестен және есепке алмастан жаңа заңдар «жасауға» даяр тұрған «экономикалық» авантюристердің озбырлығының тәлкегіне түскен болар едік.

Бұл мәселе жөніндегі маркстік позицияның классиктік тұжырымы, өзінің «Анти-Дюрингінде» Энгельстің берген тұжырымы, жұрттың бәріне мәлім:

«Қоғамдық күштер, оларды өзіміз білмей тұрғанда және олармен есептеспей тұрғанымызда, табиғаттың күштері сияқты, бағдарсыздық, зорлық, бүлдірушілік қыймыл жасайды. Ал біз оларды біліп алғаннан кейін, олардың қыймылын, бағытын, ықпалын зерттегеннен кейін, оларды барған сайын өз

ырқымызға көндіру және олардың көмегімен өз мақсаттарымызға жету біздің өзімізге ғана байланысты нәрсе. Мұның өзінің әсіресе кәзіргі алып өндіргіш күштерге қатысы бар. Олардың жаратылысы мен сыйпатын түсінуден біз қай уақытқа дейін қарысып бастартатын болсақ,— ал мұны түсінуге өндірістің капиталистік әдісі мен оның жақтаушылары қарсы болады,— сол уақытқа дейін өндіргіш күштер бізге кесекөлденең, бізге қарсы қыймыл жасайды, сол уақытқа дейін олар, әлгі жоғарыда толық көрсетілгеніндей, бізге өктемдік етеді. Ал олардың жаратылысы ұғынылғаннан кейін, олар ассоцияланған өндірушілер қолында залым әміршілерден момын қызметшілерге айнала алады. Мұндағы айырмашылық найзағай отындағы электрдің бүлдіргіш күші және телеграф аппараты мен доғалы шамдағы бағындырылған электр арасындағы айырмашылықтай, мұндағы айырмашылық өрт пен адамға қыз-

мет ететін от арасындағы айырмашылықтай. Қәзіргі өндіргіш күштерге жұрт олардың, ақырында, білінген жаратылысына сәйкес қарайтын болған кезде, өндірістегі қоғамдық анархия бүкіл қоғамның да және оның әрбір мүшесінің де керектерін қанағаттандыруға арналған өндірісті қоғамдық-жоспарлы реттеумен ауыстырылады. Сол кезде өнім алдымен өндірушіні, ал онан соң иемденушіні де құл ететін иемденудің капиталистік әдісі кәзіргі өндіріс құрал-жабдықтарының нағыз жаратылысына негізделген өнім иемденудің жаңа әдісімен ауыстырылады: бір жағынан, өндірісті пайдалану және ұлғайту үшін қажетті құрал есебінде өнімдерді тікелей қоғамдық иемденумен, ал екінші жағынан — өмір мен рахат үшін қажетті құрал есебінде өнімдерді тікелей жеке иемденумен ауыстырылады».

## 2
## КОЛХОЗДЫҚ МЕНШІКТІ ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ МЕНШІК ДӘРЕЖЕСІНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРАЛАРЫ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ

Әрине, жалпыхалықтық меншік болып табылмайтын колхоздық меншікті жалпыхалықтық («ұлттық») меншіктің дәрежесіне жеткізу үшін қандай шаралар қажет болады?

Кейбір жолдастар, кезінде капиталистік меншік жөнінде істелген үлгі бойынша, колхоздық меншікті тек национализациялау, оны жалпыхалықтық меншік деп жариялау қажет деп ойлайды. Бұл мүлде теріс және сөзсіз

жарамсыз ұсыныс. Колхоздық меншік — социалистік меншік, сондықтан да біз оған капиталистік меншікке қарағандай ешбір қарай алмаймыз. Колхоздық меншік жалпыхалықтық меншік болып табылмайды дегеннен ешбір жағдайда да колхоздық меншік социалистік меншік емес деген ұғым тумайды.

Бұл жолдастар жеке адамдар мен топтардың меншігін мемлекет меншігіне беру национализациялаудың бірден-бір немесе әйтеуір бір жақсы түрі деп ойлайды. Бұл дұрыс емес. Шынында мемлекет меншігіне беру национализациялаудың бірден-бір де және тіпті жақсы да түрі емес, национализациялаудың бастапқы түрі ғана, бұл жөнінде Энгельс «Анти-Дюрингте» дұрыс айтқан. Сөз жоқ, мемлекет өмір сүріп тұрғанда, мүлікті мемлекет меншігіне беру национализациялаудың өте-мөте түсінікті бастапқы түрі болып табылады. Бірақ мемлекет мәңгібақи бола

бермейді. Дүние жүзінің көпшілік елдерінде социализм сферасы ұлғайған сайын мемлекет құрыйды және, әрине, осыған байланысты жеке адамдар мен топтардың мүлкін мемлекет меншігіне беру мәселесі өзінен өзі қалады. Мемлекет құрыйды, ал қоғам қалады. Демек, жалпыхалықтық меншіктің мұрагері енді құрыйтын мемлекет емес, қайта қоғамның өзі, оның орталық, басшы экономикалық органы болады.

Ендеше осындай ретте колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізу үшін не істеу керек?

Колхоздық меншікті сол дәрежеге жеткізудің негізгі шарасы есебінде Санина мен Венжер жолдастар мынаны ұсынады: машина-трактор станцияларында жыйнақталған негізгі өндіріс құралдары колхоздардың меншігіне сатылсын, сөйтіп мемлекет ауыл шаруашылығына күрделі қаражат жұмсаудан босатылсын және машина-трактор станцияларының пайдаланылуы мен дамуы

жөніндегі жауапкерлікті колхоздардың өздері мойнына алатын жағдайға жететін болсын дейді. Олар былай дейді:

«Колхоз қаражаты көбінесе колхоз деревнясы мәдениетінің қажетіне жұмсалып отыруға тиіс, ал ауыл шаруашылығы өндірісінің қажетіне жұмсалатын қаражаттардың негізгі салмағын бұрынғыша мемлекет жұмсауға тиіс десек дұрыс болмаған болар еді. Мемлекетті осы жүктен босату жөн емес пе, өйткені колхоздардың бұл жүкті түгелінен өз мойнына алуына қаблеті жетеді. Мемлекеттің өз қаражатын елімізде тұтыну заттарының молшылығын жасау мақсаты үшін жұмсайтын істері аз емес».

Бұл ұсынысты дәлелдеу үшін ұсыныстың авторлары бірнеше дәлелдер айтады.

Біріншіден. Сталиннің өндіріс құрал-жабдықтары тіпті колхоздарға да сатылмайды деген сөздеріне сүйеніп, ұсыныстың авторлары Сталиннің осы

қағыйдасына күмәнданады, сөйтіп дегенмен мемлекет колхоздарға өндіріс құрал-жабдықтарын, шалғы мен орақ, ұсақ двигательдер және т. б. ұсақ саймандар сияқтыларды сатады ғой дегенді айтады. Олар былай деп есептейді: егер мемлекет колхоздарға бұл өндіріс құрал-жабдықтарын сататын болса, ол онда колхоздарға МТС машиналары сияқты барлық басқа да өндіріс құрал-жабдықтарын сата алар еді.

Бұл дәлел негізсіз. Әрине, Ауылшаруашылық артелінің Уставы бойынша және Конституция бойынша белгіленгендей, мемлекет колхоздарға ұсақ саймандар сатады. Бірақ ұсақ саймандар мен МТС машиналары сияқты ауыл шаруашылығындағы негізгі өндіріс құрал-жабдықтарын, немесе, айталық, жерді,— өйткені жер де ауыл шаруашылығындағы негізгі өндіріс құрал-жабдықтарының бірі болып табылады ғой,— қатар қоюға бола ма? Болмайтыны анық. Болмайды, өйткені ұсақ

саймандар ешбір дәрежеде де колхоз өндірісінің тағдырын шеше алмайды, ал МТС машиналары мен жер сияқты өндіріс құрал-жабдықтары біздің кәзіргі жағдайымызда ауыл шаруашылығының тағдырын толығынан шешіп отырады.

Сталин өндіріс құрал-жабдықтары колхоздарға сатылмайды дегенде, оның ұсақ саймандарды емес, ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі құрал-жабдықтарын—МТС машиналары мен жерді айтқанын түсіну қыйын емес. Авторлар «өндіріс құрал-жабдықтары» деген сөзбен әуестеніп, екі түрлі нәрсені араластырады, сөйтіп ұятқа қалып отырғандарын аңғармайды.

Екіншіден. Санина мен Венжер жолдастар мұнан соң жаппай колхоздастыру қозғалысы басталған дәуірде —1929 жылдың аяғы мен 1930 жылдың басында БК(б)П Орталық Комитетінің өзі машина-трактор станцияларын колхоздардың меншігіне беруді қолдаған

еді, колхоздардан үш жылдың ішінде машина-трактор станцияларының құнын төлеп бітіруді талап етіп еді дегенге сүйенеді. Олар былай деп есептейді: ол кезде бұл іс колхоздардың «кедейлігінен» іске аспай қалса да, бірақ кәзір, колхоздардың байыған кезінде, бұл саясатқа — МТС-тарды колхоздарға сатуға қайта оралуға болар еді.

Бұл дәлел де негізсіз. БК(б)П Орталық Комитетінде 1930 жылдың басында шынында да МТС-тарды колхоздарға сату туралы қарар қабылданғанды. Бұл қарар тәжрибе ретінде, байқау ретінде, сөйтіп таяу мезгілдің ішінде бұл мәселеге қайта оралып және оны жаңадан қарау үшін бір топ екпінді колхозшылардың ұсынысы бойынша қабылданған болатын. Алайда бірінші тексерудің өзі-ақ бұл қарардың қолайсыз екенін көрсетті және бірнеше айдан кейін, атап айтқанда 1930 жылдың аяғында бұл қарар бұзылды.

Колхоз қозғалысының бұдан әрі

өсуі мен колхоз құрылысының дамуы ауыл шаруашылығы өндірісінің негізгі құралдарын мемлекет қолына, машина-трактор станцияларының қолына, жыйнау колхоз өндірісі өсуінің жоғары қарқынын қамтамасыз ететін бірден-бір құрал болып табылатынына колхозшылардың да, басшы қызметкерлердің де біржолата көзін жеткізді.

Біздің бәріміз де еліміздің ауылшаруашылық өндірісінің орасан зор өскендігіне, астық өндірудің, мақта, лён, қант қызылшасы және т. б. өндірудің өскендігіне қуанамыз. Бұл өсудің негізі неде? Бұл өсудің негізі кәзіргі заманғы техникада, өндірістің жаңағы барлық тарауларын қамтыйтын кәзіргі заманғы көптеген машиналарда. Әңгіме мұнда тек жалпы техникада ғана емес, техниканың бір орында тұрып қалмайтындығында; ол үнемі жетіле беруге тиіс, ескі техника қатардан шығып, жаңа техникамен, ал жаңа техника — одан да жаңасымен ауыстырылып оты-

руға тиіс. Мұнсыз біздің социалистік егіншіліктің ілгерілей беруі мүмкін емес, егіннен мол өнім алу да, ауылшаруашылық өнімдерінің молшылығын жасау да мүмкін емес. Бірақ жүз мыңдаған дөңгелекті тракторларды қатардан шығарып, оларды шынжыртабан тракторлармен ауыстыру, ондаған мың ескі комбайндарды жаңа комбайндармен ауыстыру, айталық, техникалық дақылдар үшін жаңа машиналар жасау дегеніміз не? Мұның өзі тек 6—8 жылдан кейін ғана өтеуге болатын миллиардтаған шығынға ұшырау деген сөз. Бұл шығындарды біздің колхоздарымыз тіпті миллионер болғанның өзінде де көтере ала ма? Жоқ, көтере алмайды, өйткені 6 — 8 жылдан кейін ғана өтеуге болатын миллиардтаған шығындарды өздеріне алуға олардың шамасы келмейді. Бұл шығындарды тек мемлекет қана өзіне ала алады, өйткені ескі машиналардың қатардан шығуынан, оларды жаңа машиналармен ауыстыру-

дан болатын шығындарды мемлекеттің ғана, тек мемлекеттің ғана өзіне алуға шамасы келеді, бұл шығындарға 6—8 жыл бойы төзіп, бұл мерзім өткеннен кейін жұмсалған шығындардың орнын толтыруға мемлекеттің ғана, тек мемлекеттің ғана шамасы келеді.

Осылардың бәрінен соң МТС-тарды колхоздардың меншігіне сатуды талап ету дегеннің мәнісі не? Мұның өзі колхоздарды зор шығындарға ұшыратып, күйзелту, ауыл шаруашылығын механизациялау ісін бүлдіру, колхоз өндірісінің қарқынын төмендету деген сөз.

Мұнан шығатын қортынды. МТС-тарды колхоздардың меншігіне сатуды ұсына отырып, Санина мен Венжер жолдастар артта қалушылық жағына қарай бір адым кейін шегінеді және тарихтың тегершігін кері айналдыруға әрекеттенеді.

Біз бір минутке Санина мен Венжер жолдастардың ұсынысын қабылдадық және колхоздардың меншігіне негізгі

өндіріс құралдарын, машина-трактор станцияларын сата бастадық делік. Бұдан не шыққан болар еді?

Бұдан, біріншіден, колхоздар негізгі өндіріс құралдарының иесі болған болар еді, яғни олар біздің елде бірде-бір кәсіпорынның қолы жетпеген аса ерекше жағдайда болған болар еді, өйткені, жұртқа мәлім, тіпті национализацияланған кәсіпорындар да бізде өндіріс құралдарының иесі болып табылмайды. Колхоздардың мұндай аса ерекше жағдайда болуын не нәрсемен, прогрестің, алға басудың қандай пікірлерімен дәлелдеуге болады? Мұндай жағдай колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізуге көмектескен болар еді, мұның өзі біздің қоғамның социализмнен коммунизмге өтуін тездетер еді деп айтуға бола ма? Мұндай жағдай колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншіктен тек алыстатқан болар еді және коммунизмге жақындатуға жеткізбей, кері-

сінше, онан қашықтатуға әкеліп соқтырған болар еді деп айту дұрыс болмас па еді?

Бұдан, екіншіден, товар айналысы қызметінің сферасы ұлғайған болар еді, өйткені сансыз көп ауылшаруашылық өндіріс құралдары товар айналысының құшағына кірген болар еді. Товар айналысы сферасының ұлғаюы коммунизмге қарай біздің алға басуымызға көмектесе алар ма еді, бұл жөнінде Санина мен Венжер жолдастар қалай ойлайды? Мұның өзі коммунизмге қарай біздің алға басуымызға тек кедергі болар еді деп айту дұрыс болмас па еді?

Санина мен Венжер жолдастардың негізгі қатесі мынада: олар социализм тұсындағы товар айналысының ролі мен маңызын түсінбейді, товар айналысының социализмнен коммунизмге өту перспективасымен сыйыспайтынын түсінбейді. Олар, сірә, товар айналысы болып тұрғанда да социализмнен ком-

мунизмге өтуге болады, товар айналысы бұл іске кедергі жасай алмайды деп ойлайтын болу керек. Мұның өзі марксизмді түсінбеудің салдарынан туған қатты адасқандық.

Дюрингтің товар айналысы жағдайында қызмет істейтін «шаруашылық коммунасын» сынай келіп, Энгельс өзінің «Анти-Дюрингінде» товар айналысының болуы Дюрингтің «шаруашылық коммуналары» дегенін капитализмнің сөзсіз қайта тууына әкеліп соқтыруға тиіс деп жете дәлелдеген болатын. Санина мен Венжер жолдастар, сірә, бұған қосылмайтын шығар. Онда өз обалдары өзіне. Ал біз, марксистер, социализмнен коммунизмге өту және өнімдерді коммунистік принцип бойынша керегінше бөліп беру ешбір товар айырбасын, демек, өнімдерді товарға айналдыруды да, сонымен қатар оларды құнға айналдыруды да болдырмайды деген белгілі маркстік қағыйдаға сүйенеміз.

Санина мен Венжер жолдастардың ұсыныстары мен дәлелдері жөніндегі істің жайы осындай.

Ал сайып келгенде колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізу үшін не істеу керек?

Колхоз әдеттегіден өзгеше кәсіпорын. Колхоз көптен бері-ақ колхоздық меншік емес, жалпыхалықтық меншік болып табылатын жерде жұмыс істейді, ол жерді ұқсатады. Демек, колхоз өзі ұқсатып отыратын жердің иесі емес.

Онсоң. Колхоздың өзі колхоздық меншік емес, жалпыхалықтық меншік болып табылатын негізгі өндіріс құралдарының жәрдемімен жұмыс істейді. Демек, колхоз негізгі өндіріс құралдарының иесі емес.

Мұнан соң. Колхоз — кооперативтік кәсіпорын, ол өз мүшелерінің еңбегін пайдаланады және табыстарын мүшелеріне еңбек күн бойынша бөліп отырады, мұның үстіне колхоздың өзінің тұқымы болады, ол жыл сайын

жаңартылып және өндіріске жұмсалып отырады.

Колхоз сайып келгенде не нәрсеге иелік етеді, оның толық, еркін, өз ұйғарымы бойынша иелік ете алатын колхоздық меншігі қайда? деген сұрақ туады. Ондай меншік, колхозшылардың үй іргесіндегі құрылыстары мен өз шаруашылығын есепке алмағанда, колхоз өнімі, колхоз өндірісінің өнімі: астық, ет, май, овощь, мақта, қант қызылшасы, лён және т. б. болып табылады. Әңгіме мынада: бұл өнімнің едәуір бөлегі, колхоз өндірісінің басы артық өнімдері рынокке түседі, сөйтіп товар айналысының системасына тартылады. Нақ осы жағдай кәзір колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізуге кедергі жасайды да. Сондықтан да колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізу жөніндегі жұмысты нақ осы жағынан бастап күшейте жүргізу керек.

Колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізу үшін колхоз өндірісінің басы артық өнімдерін товар айналысы системасынан шығарып, оларды мемлекеттік өнеркәсіппен колхоздар арасындағы өнім айырбасы системасына қосу керек. Істің мәні осында.

Бізде әлі өнім айырбасының дамытылған системасы жоқ, бірақ ауылшаруашылық өнімдері үшін «товар беру» сияқты өнім айырбасының бастамасы бар. Жұртқа мәлім, мақта, лён, қант қызылшасын өсіруші және басқа өнімдер өсіруші колхоздардың өнімдері үшін көптен бері-ақ «товар беріліп» келеді, рас, түгелдей емес, ішінара «товар беріліп» келеді, дегенмен, «товар беріліп» келеді. Бұл арада айта кетуіміз керек, «товар беру» деген сөз орынды сөз емес, оны өнім айырбасымен ауыстырған жөн болар еді. Міндет мынада: өнім айырбасының осы бастамаларын ауыл шаруашылығының барлық

тарауларында ұйымдастыру керек және оларды өнім айырбасының кең системасына тартып дамыту керек, сөйтіп колхоздар өзінің өнімі үшін ақша ғана алып қоймай, көбінесе қажетті бұйымдар алатын болуы керек. Мұндай система қаланың деревняға беретін өнімін өте мықтап көбейтуді керек етеді, сондықтан бұл системаны ерекше асықпай, қалалық бұйымдардың молаюына қарай енгізуге тура келеді. Бірақ оны тынбастан, бұлтармастан енгізу керек, сөйтіп товар айналысы өрісінің сферасын бірден-бірге қысқартып, өнім айырбасы өрісінің сферасын бірден-бірге ұлғайта беру керек.

Мұндай система, товар айналысы өрісінің сферасын қысқарта отырып, социализмнен коммунизмге өтуді жеңілдетеді. Оның үстіне бұл система колхоздардың негізгі меншігін, колхоз өндірісінің өнімін жалпыхалықтық жоспарлаудың жалпы системасына тартуға мүмкіндік береді.

Нақ осының өзі біздің қәзіргі жағдайымызда колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізу жөнінде нақты және шешуші құрал болады.

Мұндай система колхозшы шаруалар үшін тиімді ме? Сөзсіз тиімді. Тиімді, өйткені колхозшы шаруалар мемлекеттен өнімді анағұрлым көп және товар айналысы тұсындағы бағадан анағұрлым арзан бағамен алатын болады. Жұрттың бәріне мәлім, өнім айырбасы («товар беру») туралы үкіметпен договоры бар колхоздар, мұндай договорлары жоқ колхоздарға қарағанда, өлшеусіз көп тиімділік алады. Егер өнім айырбасының системасы ел ішіндегі барлық колхоздарда қолданылса, онда бұл тиімділік біздің бүкіл колхозшы шаруаларымыздың игілігі болады.

*И. СТАЛИН*

28 сентябрь, 1952 жыл.

# МАЗМҰНЫ

И. СТАЛИН

**ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛИЗМА В СССР**

(На казахском языке)

Издание Казгосиздата — 1953

*Сдано в набор 6/V 1953 г.*
*Подписано к печати 4/VI 1953 г. УГ04933*
*Издат. № 102. Бумага 70х92 1/32*
*3,625 б. л., 8,48 п. л.*
*Уч.-изд. л. 4,2.*
*Тираж 10 000.*
***Цена 5 руб.***

*г. Алма-Ата,*
*Полиграфкомбинат*
*Казполиграфиздата при Совете*
*Министров Каз.ССР.*
*Зак. № 744.*



И. Сталин.

# ССРО-ДА СОЦИАЛИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

И. СТАЛИН

ССРО-ДА СОЦИАЛИЗМНІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ